



ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

№4 (36) 2016





АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АБАЯ

ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ НАЦИОНАЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ

Үш айда бір рет шығатын

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК ЖУРНАЛ

2010 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

4 (36) 2016

(қазан-желтоқсан)

БАС РЕДАКТОР

С.Ж. ПІРӘЛИЕВ

Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҰҒА академигі

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Нуриев М.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру ғылыми орталығының директоры, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер, профессор, бас редактордың бірінші орынбасары;

Сейсенбаева Ж.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Филологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» кафедрасы, ф.ғ.к., жауапты редактор;

Айдемір Окай – Ыстамбұл университеті, Байланыс факультетінің деканы, профессор;

Әлмұхамбетов Б.А. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Өнер, мәдениет және спорт» институтының директоры, пед.ғ.д., профессор;

Байсабаев Б.А. – ф.ғ.к., Ж.Баласағұн атындағы Қырғыз Ұлттық университетінің доценті;

Бейсенова Ә.С. – Абай ат. ҚазҰПУ, «География және экология ғылыми-әдістемелік орталығының» жетекшісі, геогр.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Бөлесев Қ. – Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Бастауышта оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының профессоры, пед.ғ.д.;

Габбасов С. – жазушы, КСРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық Нострадамус атындағы академияның толық мүшесі, академик;

Есполов Т.И. – Қазақ ұлттық аграрлық университетінің ректоры, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Исамидинов И.Ч. – Жүсіп Баласағұн ат. Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, пед.ғ.д., профессор;

Иманбаева С.Т. – Абай ат. ҚазҰПУ, «Мәңгілік ел және өзін-өзі тану» кафедрасының пед.ғ.д., профессор;

Кирабаев С.С. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Мардахәев Л.В. – Ресей Мемлекеттік әлеуметтік университетінің «Әлеуметтік және отбасы педагогикасы» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор;

Михайлова Н.Б. – пс.ғ.к., доцент, Халықаралық білім және ғылыми ақпараттандыру орталығының директоры (Германия);

Молдабеков Ж.Ж. – филос.ғ.д., әл-Фараби ат. ҚазҰУ, «Дінтану және мәдениеттану» кафедрасының профессоры;

Мұтанов Ғ.М. – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің ректоры, тех.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нәрібаев К.Н. – ҚР ҰҒА қоғамдық және гуманитарлық бөлімше төрағасының орынбасары, э.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі;

Нөкетаева Д.Ж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры, пед.ғ.к.;

Сманов Б.Ө. – Абай ат. ҚазҰПУ-дің аппарат жетекшісі, пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, Халықаралық педагогикалық білім беру (Ресей) және Халықаралық Айтматов (Қырғызстан) академияларының академигі;

Шаханова Р.Ә. – Абай ат. ҚазҰПУ, Филология институтының «Филологиялық пәндерді оқытудың әдістемесі» кафедрасының меңгерушісі, пед.ғ.д., профессор.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

С.Ж. ПРАЛИЕВ

Ректор КазНПУ имени Абая, доктор педагогических наук, профессор,
академик НАН РК

СОСТАВ РЕДАКЦИОННОГО СОВЕТА:

Нуриев М.А. – директор Научного центра формирования интеллектуальной нации КазНПУ им. Абая, Заслуженный работник высшей школы РК, профессор, первый заместитель главного редактора;

Сейсенбаева Ж.А. – кафедра «Методика преподавания филологических дисциплин» КазНПУ им. Абая, к.ф.н., ответственный редактор;

Айдемир Окай – декан факультета Связи Стамбульского университета, профессор;

Альмухамбетов Б.А. – директор Института искусства, культуры и спорта КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор;

Байсабаев Б.А. – к.ф.н., доцент Кыргызского Национального университета им. Ж.Баласагуна;

Бейсенова А.С. – руководитель научно-методического центра географии и экологии КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, академик НАН РК;

Болеев К. – д.п.н., профессор кафедры «Начальное образование и изобразительное искусство» Таразского инновационного гуманитарного университета;

Габбасов С. – писатель, Заслуженный работник здравоохранения СССР, доктор медицинских и педагогических наук, профессор, Заслуженный деятель Республики Казахстан, действительный член Международной академии имени Нострадамуса, академик;

Есполов Т.И. – ректор Казахского национального аграрного университета, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Исамидинов И.Ч. – ректор Кыргызского национального университета имени Ж.Баласагуна, д.пед.н., профессор;

Иманбаева С.Т. – профессор кафедры «Мангилик ел и самопознания» КазНПУ им. Абая, д.пед.н.;

Кирабаев С.С. – д.ф.н., профессор, академик НАН РК;

Мардахаев Л.В. – заведующий кафедрой социальной и семейной педагогики Российского государственного социального университета, д.пед.н., профессор;

Михайлова Н.Б. – директор центра международного образования и научной информатизации (Германия), к.пс.н., доцент;

Молдабеков Ж.Ж. – профессор кафедры «Религиоведения и культурологии» КазНУ им. Аль-Фараби, д.филос.н.;

Мутанов Г.М. – ректор Казахского Национального университета имени аль-Фараби, д.тех.н., профессор, академик НАН РК;

Нарибаев К.Н. – зам.председателя отделения общественных и гуманитарных наук НАН РК, д.э.н., профессор, академик НАН РК;

Нукетаева Д.Ж. – ректор Казахского Государственного женского педагогического университета, к.пед.н.;

Сманов Б.О. – руководитель аппарата КазНПУ им. Абая, д.пед.н., профессор, член-корреспондент НАН РК, академик Международной академии наук педагогического образования (Россия) и Международной Айтматовской академии (Кыргызская Республика);

Шаханова Р.А. – д.п.н. профессор., зав кафедрой «Методика преподавания филологических дисциплин» института филологии КазНПУ им. Абая.

EDITOR-IN-CHIEF

S.ZH. PRALIEV

the rector of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK

EDITORIAL STAFF:

Nuriev M.A. – the director of Research center of formation of intellectual nation of KazNPU named after Abai, the deserved worker of the higher school of the RK, the professor, first deputy chief editor;

Seysenbaeva Zh.A. – the senior lecturer of the chair «Methods of teaching philological disciplines» of KazNPU named after Abai, the candidate of philological science, the managing editor;

Aydemir Okay – dean of the Faculty of Communications Istanbul University, the professor;

Almukhambetov B.A. – the director of Art, Culture and Sport Institute of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Baisabaev B.A. – the candidate of philological science, the docent Kyrgyz National University named by Zh. Balasagyn;

Beysenova A.S. – the chair of sud department «The scientifically-methodical centre on geography and ecology» the doctor of pedagogical sciences, the professor, academician of the NAS RK;

Boleev K. – doctor of pedagogical sciences, professor of chair of «Primary education and fine art» Taraz innovation and humanitarian university;

Gabbasov C. – writer, Honored worker of Health of the USSR, Doctor of Medical and Pedagogical Sciences, professor, Honored worker of the RK, member of the International Academy of Nostradamus, academician;

Espolov T.I. – the rector of Kazakh national agrarian university, the doctor of economical sciences, the professor, the academician of the NAS RK;

Isamidinov I.Ch. – rektor of Kyrgyz National University named by Zh.Balasagyn, doctor of pedagogical sciences;

Imanbaeva S.T. – Head of the Department of «Mangilik yel and self-cognition» of KazNPU named after Abai, the doctor of pedagogical sciences, the professor;

Kirabaev S.S. – the doctor of philology, the academician of the NAS RK;

Mardahaev L.V. – Head of the Department of Social and Family Pedagogy of the Russian State Social University, doctor of pedagogical sciences, professor;

Mikhailova N.B. – Ph.D., Associate Professor, Director, Center for International Education and Information Science (Germany);

Moldabekov Zh.Zh. – Professor of the chair «Religious and cultural studies» KazNU named after Al-Farabi, Doctor of Philosophy;

Mutanov G.M. – the rector of the Kazakh National University named after Al-Farabi, the doctor of technical science, the professor, academician of the NAS RK;

Naribaev K.N. – vice-chairman of separation of social and humanitarian sciences of NAS RK, the doctor of economics, the professor, academician of the NAS RK;

Nuketaeva D.Zh. – rector of Kazakh State Female Pedagogical University, the candidate of pedagogical sciences;

Smanov B.U. – head of the office of the KazNPU named after Abay, doctor of pedagogical sciences, professor, corresponding member of National Academy of sciences of the Republic of Kazakhstan, academician of the International academy of Sciences of pedagogical education (Russia) and International Aytmatov academy (Kyrgyz Republic);

Shahanova R.A. – doctor of philological sciences, professor. Chair of methods of teaching philological disciplines. Head of the chair of KazNPU named after Abay.

Меншік иесі: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2010 жылдың 4-ші ақпанында тіркеліп, №10674-Ж куәлігі берілді.

© Абай атындағы ҚазҰПУ, 2016



«Біздің басымызға бақ боп қонған
Тәуелсіздіктен асқан ешқандай құндылық жоқ»

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев.

М.А. Нуриев

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының
директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері*

А.Е. Садыкова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері*

Д.М. Советканова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі*

ҚАЗІРГІ ЗАМАН МҰҒАЛІМІНІҢ БОЛМЫСЫ

Мақалада қазіргі заман педагогының әлеуметтік және кәсіби сипаттамалары, құндылық бағдарының әрі тұлғалық портреті берілген. Сондай-ақ, мұғалім мамандығының қыр-сыры жан-жақты ашылған. Авторлар тарапынан педагог болмысы мен мұғалім шеберлігіне қойылар талаптар ұсынылған.

Мұғалім – әрқашан да жай ғана кәсіби маман емес, өз кәсібін жетік меңгерген, техникалық және әдістемелік сынды қолжетімді құрал-жабдықтарды қолдана алатындай заманауи педагог болуы шарт.

Түйін сөздер: педагог, мұғалім шеберлігі, білім, кәсіби дағды, тіл шеберлігі, коммуникация.

В статье анализируются социальные и профессиональные характеристики, а также ценностные ориентации и личностные факторы портрета современного педагога в сфере образования. Так же рассмотрены основные требования к учителю. Представлена авторская позиция в отношении отдельных требований к педагогу, сформулированных в Профессиональном стандарте педагога.

Учитель – всегда больше, чем просто специалист, профессионал. Современный учитель – тот, кто знает свою работу, умеет жить в ней и пользоваться всеми доступными средствами, как техническими, так и методическими.

Ключевые слова: педагог, мастерство учителя, профессиональные умения, знания, языковые навыки, коммуникация.

The article analyzes the social and professional characteristics, as well as value orientation and personal factors portrait of the modern teacher education. Just the basic requirements for the teacher. Author's position in relation to the individual requirements of the teacher set out in the professional standards of the teacher.

Teacher – is always more than just a specialist, a professional. Modern teacher - one who knows his job, is able to live in it and use all available means, both technical and methodical.

Keywords: teacher, teacher skills, professional skills, knowledge, language skills, communication.

XXI ғасыр – қатаң бәсеке ғасыры. Еліміздің жаһандану үдерісінде экономикалық бәсекелестікке түсуі бүгінгі талапқа сай кадрларды әзірлеу қажеттігін туындатып отыр.

Қашан да білімді ұрпақ – болашақ кепілі. Егеменді еліміздің тағдыры, жас ұрпақтың тағдыры – бүгінгі ұстаздардың қолында. Сол себептен де, қазіргі заман мектебі жоғары деңгейде маманданған кәсіпқой мұғалімді талап етеді.

Қазіргі мектепке шығармашылық ізденіс қабілеті дамыған, жаңа педагогикалық технологияларды жете меңгерген, мамандық шеберлігі қалыптасқан мұғалім қажет. Ол бір мезгілде әрі педагог, әрі психолог және оқу үрдісін ұйымдастырушы технолог бола білуі тиіс. Сонымен қатар, оқушының шектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілеті болуы шарт.

Мұғалім – біздің тәуелсіз мемлекетіміздің болашағын қалап жатқан маман. Өйткені, ел болашағының кілті – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Ал жас ұрпақтың тағдыры олардың бойына білім мен ізгілік нұрын себуші – ұстаздардың қолында.

Бүкіл әлем бұл күнде тәлім-тәрбие қызметіне ең білгір, ең талантты, өте жауапкершіл педагог-мамандардың қажеттігін мойындап отыр. Себебі адам тағдырында мектептік кезеңі аса маңызды. Балалардың өмірлік бастауында жетесіз педагог тұрса, одан келер шығынды өлшеп болмайды. Сондықтан да, педагог білікті маман, өз ісінің шебері болуы керек. Педагог шебер болу үшін: өзінің мүмкіндіктерін жаңа формация мұғалімі ретінде объективті бағалай алуы, кәсіби мамандығына қажетті қабілеттерді, жалпы мәдениетті, интеллектуалды іс-әрекетті, мінез-құлық, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруі тиіс; өтіп жатқан интеграциялық процестерге, әлемдік білім беру кеңістігі қарқынына бағыттала алуы керек.

Елбасы атап көрсеткеніндей, «Тек жоғары сауатты, дарынды, дана әрі отансүйгіш мұғалім ғана лайықты ұрпақ тәрбиелеп шығара алады. Бүгінде, мұғалім балаларға

білімдер жиынтығын беріп қана қоймай, сонымен бірге, ең бастысы – оларды өмір бойы үйренуге үйретулері керек» [1]. Бүгінгі мұғалім білім беру үрдісінде оқушылардың өз бетімен білім алуының, жаңалауының қажеттілігіне, өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдіруде табандылықпен еңбек етуді жете түсінетіндей жағдай жасауға бағдарлануға міндетті.

Педагог әрқашанда өзін қоғам талабына сай үздіксіз тәрбиелеп отыратын, адамдармен, әсіресе, оқушылармен қарым-қатынасқа тез түсе білетін, ұйымдастырушылық қабілеті бар, өз пәнін жетік білетін әрі уағыздаушы, таланты мен тәжірибесі тоғысқан, өзінің қоғамындағы саяси өмірге белсенді араласып, өз елі-жеріне деген сүйіспеншілігі негізінде оқушыларға үлгі болуы керек.

«Ұстаз ... жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселердің бәрін жадында жақсы сақтайтын, бұлардың ешнәрсені ұмытпайтын ... алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі ..., мейлінше шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ ..., жұрттың бәріне ... жақсылық пен ізгілік көрсетіп ... қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек», – деп әл-Фараби бабамыз айтқандай [2], педагог-ұстаз өзінің әлеуметтік-кәсібилік көрсеткіштерін білуге, оқушыларды зерделеу жолдары мен мұғалімнің кәсібилігін анықтайтын және сапаны бағалаудың әртүрлі әдістерін жетік меңгеруі тиіс.

Мұғалім жоғары деңгейдегі маман болуымен қатар, мынандай талаптарға сәйкес іс-әрекет жасауға міндетті: білім беру мазмұнының нұсқалығын сақтау; оқушылардың жеке білімдік аймағын жобалай білу; келешек кәсіби іс-әрекетіне сәйкес ортада білім алуын жалғастыру үшін қажетті қасиеттерді қалыптастыру; білім беру үрдісіне интербелсенді, әрекеттілік құзіреттерді енгізуге даярлығы, қабілетті меңгеруі, жобалау-зерттеушілік және коммуникативті әдістермен жұмыс істеуі, т.б.

Осыған сәйкес, қазіргі білім беру үрдісіне және ұстаз біліктілігіне қойылып отырған талаптарды негізге ала отырып, педагог меңгере білуге тиісті негізгі қасиеттерді анықтап, төмендегі тірек-сызба арқылы [1-тірек-сызбаға назар аударыңыз], мұғалімнің заманауи білім беру жүйесі дамуына сәйкес, тұлғалық,

адамгершілік, психикалық, когнитивтік, әдістемелік және мәдени сипатын көрсететін кәсіби құзіреттіліктерді қамтитын қасиеттерді меңгеруге бағдарланған «Қазіргі заман мұғалімінің» тұлғалық болмысын беруге тырыстық.

1-тірек-сызба.



Мұғалім-Ұстаз тұлғасы, оның іс-әрекетінің сан қырлылығынан ұстаз беделі деген ұғым туындайды. Мұғалімнің беделді болуының алғы шарттары: бірінші: балаға үлгілі болуы әрі үлгі көрсетуші болуы керек. Шынында да, ағарту орындарының алтын діңгегі – мұғалім. Жас ұрпақ мұғалімге қарап бой түзейді. Нағыз ұстаз қай ғасырда да ұстаз болып қала бермек. Ұстазға қойылатын талап пен тілек қашан да ортақ. Ол – білімділік, имандылық, парасаттылық барлық ғылым атауылының алғашқы әліппесі өркениет ұстазының тәлім сабағында күн сайын үйретіліп, үлкен «білім мұхитына» айналып, рухы мықты, интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеп шығару [3]. Олай болса, осындай игі ниеттен туындаған өзіміз тарапынан ұстазға қойылар талаптарды жүйелеп ұсынып көрелік.

Біріншіден, педагогикалық әдеп этикасы мен эстетикасы жоғары дамыған маман болуы керектігі.

1.1 Сыртқы мәдениеті келіскен, яғни, киім кию мәдениеті. Мұғалімнің келбеті: сыртқы мәдениеті, киім киюі, шаш сәндеу үлгісі, бет-әлпетін әрлеуі – әлем-жәлем емес, өзгеге өнеге болатындай ұстамды, классикалық түрде болып келуі – мұғалімдік мамандықтың ең басты эстетикалық сапалық белгісі.

1.2 Қарым-қатынас әдебі. Шәкіртпен, ұжым мүшелерімен, ата-аналармен қарым-қатынасы, өзінің іс-әрекетін бақылауда ұстап, есеп бере алуы – мұғалімнің этикалық әдебінің көрсеткіші. Жұмыстан тыс уақытта да қарым-қатынас әдебін ұстануы ұстаздың өмір бойы бала тәрбиесіне ықпал

етуіне, шәкірттің мұғалім мамандығына, мұғалімнің өзіне деген қызығушылығын оятып, құрметін асыруға тікелей әсер етеді.

1.3 Сөйлеу мәдениеті, тіл шеберлігі, тілге шешендігі. Қашан да, кез келген уақытта не жағдай болса да тосылып қалмайтындай сөзге шешен, сөйлеу мәдениеті қалыптасқан, білімі жетік, жан-жақты интеллектуалды қаруланған тұлға иесі болуы. Ұстазға тән лидерлік қасиеттердің бойынан табылуы.

1.4 Ұстаздың адами қасиетіне қойылатын талаптар. Адамгершілігі жетік, рухани бай болуы. Керек кезінде оқушыға оның мұғалімі ғана емес, сырласына айналуы қажет. Ол үшін оқушының жан дүниесін түсіне алып, оған адамгершілік тұрғысынан көмек көрсете алуы керек [3].

Екіншіден, ұстаз адам – кәсіби мамандығына құштар, оны жан-тәнімен сүйетін, барлық өмірін соған арнайтын маман болуы тиіс.

2.1 Өз пәнін терең меңгеруі. Мұғалімнің бір ғана сыры – оның мамандығы. Бұл дүниеде теңдесі жоқ мамандық тек мұғалімге ғана лайық. Өз пәнін терең меңгеруі – оның басты қасиеті болмақ.

2.2 Кәсіби шеберлігін үздіксіз шыңдауы. Білім, біліктілігіне қойылатын талаптар. Алған базалық білімін күнделікті ғылыми жаңалықтармен толықтырып, кәсіби шеберлігін үздіксіз ұштап отыруы тиіс. Біліктілігін арттыратын курстарға, әртүрлі танымдық, ғылыми-әдістемелік жұмыстарға, байқаулар мен конференцияларға тікелей немесе қашықтықтан қатысып отыруы. Қазіргі заман оқу әдістерін жеке меңгеру де жаңа технологияларды өз сабағында жаппай қолдана алуына септігін тигізеді.

2.3 Үздіксіз, тынымсыз ізденімпаздығы. Ой-өрісінің кеңдігі мен оның ауқымды дүниетанымы. Заман ағымымен теңдей қадам басамын деген әрбір адам өте көп ақпараттан хабардар болуы қажет. Жан-жақты дамыған «толық адам» екеніндігі, оқушылардың қызыға қарайтын қасиеттерінің болуы. Әр сабағында оқушыларға тірі тарих сөйлеп тұрғандай әсер қалдыруы. Ол үшін білімі жетік, жаңа ҒТТ-ге сай жан-жақты

жетілген рухани бай болуы керек.

Үшіншіден, ақпараттық-технологиялық сауаттылығы жоғары маман болуы қажет.

3.1 Жалпы сауаттылық мәселесі. Педагогтың жалпы сауаттылығы – оның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Өз мамандығының мінсіз шеберлігіне жетіп, күнделікті өмір мен ғаламдық жаңалықтарынан қалыс қалмай, жан-жақты білімдар, танымдық көкжиегі кең, дүниетанымы бай педагогты – сауаттылығы жоғары мұғалім, ұстаз деп қабылдауға әбден болады. Ұлттың мінез-құлқына сай – бірден-бір базалық көрсеткіштер мен әлеуметтік-мәдени дамуының бет-бейнесі сол педагог-мұғалімнің жалпы сауаттылық көрсеткіші болып табылады.

Жалпы сауаттылықтың өзін: *функционалдық сауаттылық, діни сауаттылық, құқықтық және саяси сауаттылық* деп ішінара бөлуге болады.

3.2 Ғылыми сауаттылық. Ұстаз қолында адам тағдыры, болашақ ел тағдыры тұрады, жаңадан өсіп, дамып келе жатқан ұрпақпен жұмыс істейді. Сол жас бүгінгі күннің жаңалығынан сырт қалмай ізденісте болуы үшін заман талабына лайық жаңа білім, жаңа тәрбие керек. Сондықтан, мұғалімнің ғылыми сауаты терең болуы керек. Ғылыми технология қарқынды дамыған заманға сай мұғалім де ғылыми технологиялармен қарулануы тиіс.

3.3 Технологиялық сауаттылық. Компьютермен өз бетінше жұмыс істей білуі, компьютерлік техниканың көмегімен есептеу, жазу, сурет салу, ақпараттарды іздеу және дағдылары мен біліктерінің болуы. Компьютерлік-технологиялық білімдарлықтың белгілеріне компьютерлер мен танымал бағдарламалардың, технологиялардың кеңтүрлілігін бағдарлай білу, олардың мүмкіндіктерін білу, нақты бір жұмыс үшін тиімді бағдарламалық құралдарды таңдай білу, бағдарламалық құралдар бойынша жеке библиотекасының болуы жатады. Тәжірибе жүзінде дәлелденгеніндей, кез келген

мұғалім мен әкімшіліктің өз қызметтеріне компьютерді пайдалануы олардың әлемдік ақпараттық кеңістікке енуде ақпараттық мәдениетінің қалыптасатынымен өлшенеді. Сонымен бірге, бұл жағдайда, инновациялық әдістер мен құралдарды оқу процесіне пайдалану оқушылардың мектеп пәндерін игеруде қызығушылықтарын арттыруда.

3.4 Экономикалық сауаттылық. Қазақстан экономикасы мен оның даму жолдарының ерекшеліктеріне талдау жасай алуы. Қазақстанның дүниежүзілік қоршаған ортадан қандай жетістіктерімен (брендпен) орын алады деген сауалға жауап таба алуы. Дүниежүзілік экономикалық аренадағы еліміздің экономикалық жағдайына баға беріп, бүгінгі күн талабы тұрғысынан саралау. Экономикалық бәсекелестікке қабілетті мамандар даярлап шығару.

3.5 Ақпараттық сауаттылық. Білім беру ісінде ақпараттарды даярлап, оны білім алушыға дұрыс бере алу процесі мұғалімнің жоғары ақпараттық сауаттылығын талап етеді. Әр түрлі ақпараттық құралдарынан алынған материалдарды өзінің пән аясында өңдеп, кәсіби біліктілігін жетілдіріп отыруы. Сабақ барысында оқулықпен немесе оқу құралымен ғана шектеліп қалмай, түрлі ақпарат көздерінен алынған материалдарды білім алушыларға жеткізе алуы. Ақпараттық мәдениетін (ақпараттық кеңістіктің қалыптасуына қатысуға және ол кеңістікте еркін бағдарлай алуға, ақпараттық өзара іс-әрекетке түсуге мүмкіндік беретін білім деңгейі) қалыптастыруы.

3.6 Визуалды сауаттылық. Мұғалім тек өз пәнінің майталман маманы ғана болып қоймай, адам жанын айтпай түсінетін көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу жан болуы керек. Әр жүректі білім шұғыласымен нұрландырудың ең тиімді, ең төте жолын таба білетін жасампаз болуы тиіс. Ол үшін, әрине визуалды сауаттылық қажет. Алдындағы 30 оқушымен жеке-жеке тілдеспей-ақ, бір ғана көз қиығының шолуымен жан дүниесін сезіп, әрқайсымен керегінше тиімді қатынас орнатуы – мұғалімнің біліктілігін арттырады.

3.7 Жан-жақты мәдениеттілік. Мұғалім біріншіден, қазақ халқының төл мәдениетін жетік біліп, оқушыға жеткізе алуы тиіс. Қазақ қандай мәдениет түрлерімен мақтана алатындығы, бізде дамыған мәдениеттің түрлері мен одан қандай тәлім-тәрбие алуға болатындығы туралы мағлұматтарды меңгеруі. Қандай тамыры терең тарихи жәдігерлеріміз бен әлемдік өркениетке ұмтылған мәдени мұраларамыз бар деген сұраққа жауап бере алатындай болуы керек. Екіншіден, өзге ұлттардың мәдени үрдісінен хабардар болуы және біздің төл мәдени мұраларымызбен қатынастық жағдаяттарын дұрыс саралай алуы.

Төртіншіден, педагог өнерлілік, жан-жақтылық, ойлаптапқыштық қасиетке ие болуы қажет. Ол үшін:

4.1 Күрделі жағдайларға тез бейімделіп, басқарып кете алатындай болуы;

4.2 Өзін-өзі ұйымдастыра алуы (жинақтылық);

4.3 Білуге деген құштарлығы;

4.4 Шығармашылық;

4.5 Тәуекелділік;

4.6 Терең ойлау (талдау, салыстыру, интерпретация);

4.7 Вербалды білім сияқты қыр-сырларын толыққанды меңгеруі тиіс.

Бесіншіден, білімгерлермен тиімді қарым-қатынас орната алатын мұғалім. Яғни:

5.1 Командалық (топпен) жұмыс жасай алуы;

5.2 Одақтастық, ымырашылдыққа баруы немесе шығармашылдық;

5.3 Әрқайсымен ойлау және қабылдау ерекшеліктеріне қарай қарым-қатынас орнатуы. Тілдік дағдыларын қалыптастыру.

5.4 Оқушыдан ғана талап етіп қоймай, өзінің де жеке басы жауапкершілігінің болуы;

5.5 Белсенді қарым-қатынас орнатуы керек.

Алтыншыдан, істеген жұмысынан нәтиже шығара алуы тиіс. Қандай да бір іс-әрекет барысында жоспарлау қаншалықты маңызды болса, нәтиже шығару да соншалықты маңызды болмақ.

6.1 Құндылықтарды орната алуы;

6.2 Жоспарлау;

6.3 Басқару;

6.4 Тиімді әдістер қолдана білу;

6.5 Сапалы нәтижеге жетудегі бейімділігі сынды қасиеттер мұғалімнің өз бойында және бала бойында құндылықтарды орната алауына, тиісінше жоспарлап, басқара алуына, нәтижеге жетуде тиімді әдістерді қолдана білуі мен сапалы нәтижеге жетуінің бейімділігін көрсетеді.

Осылайша, аталған барлық қасиеттерді бойына жинаған мұғалім ғана – нағыз шебер педагог дәрежесіне жетпек. Себебі, шебер педагог көзі қарақты, құлағы сергек, көкірегі ояу, білім беру саласында атқарылып жатқан игі істердің куәсі болуы керек. Жаныңды шуаққа бөлеп, үлкен үмітке жетелеуші – білім беру саласы мұғалімдік мамандықтың сыры мен қырын шебер меңгерген, сол кәсіптің

ыстығы мен суығын өзі де басынан кешірген адам нағыз ұстаздар, шынайы бапкерлер осындай қасиеті бар жандардан шығады. Жан сарайыңды жібітетін тәрбиенің үлгісі де, ащы ақиқаттың күмбір күйі де өркениет ұстазының әр сабағында шежіре боп сөйлеп жататыны ақиқат.

Сондықтан да, мұғалім шеберлігі – бұл өте жоғары білімді сапалар жиынтығы, әрі ұдайы жетіліп отыратын тәрбиелеу мен оқыту өнері.

Қортындылай келе, өркениеттің қарыштап дамуындағы ғажап идеялар, дархан істер, ғаламат жоспарлар – жаңа ғасырдың қолынан ғана келеді десек, мұндай ғасырдың тізгіні – ұрпақтарының қолында ғана! Ендеше ұрпақтың бар бақыты озық ойлы ұстаздың еншісіне ғана берілмек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ». Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жыл, 17 қаңтар.

2 Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – Алматы, 1993, с. 368.

3 Нуриев М.А., Садыкова А.Е., Сейсенбаева Ж.А. Интеллектуалды ұлт қалыптастыруда педагог-ұстаздар негізгі рөлге ие. // «Ұлттық тәрбие» №4, 2012ж.



«Мен еш уақытта өз оқушыларыма еш нәрсе үйретпеймін –
тек қана олардың оқуы үшін жағдай жаратамын»

Альберт Эйнштейн.

УДК 371.485

Michael Naydan

*The Pennsylvania State University. 427 Burrowes Building. University Park, PA 16802 USA
Woskob family professor; German/Slavic Languages*

T.A. Merkibayev

*Al-Farabi Kazakh national university, The faculty of philology and world languages
The chair of general linguistics and European languages*

Zh.A. Seisenbayeva

*Kazakh National Pedagogical University named after Abai
Senior Lecturer The chair of studying methods of philological disciplines*

**THE PROBLEMS OF CHILDREN'S EDUCATION
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ЖАСТАН ТӘРБИЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ПРОБЛЕМЫ ВОСПИТАНИЯ ДЕТЕЙ РАННЕГО ВОЗРАСТА**

In this article we consider the problems of teaching children how to behave, what to do in different situations. Some children are very spoiled because of the parents' care or attention. It is also said about necessity of training up children from an early age. It is the best of all to begin education of children with the first weeks of his life. Since birth and about one year is the time of active physical development of the kid, his adaptation to the environment and experience acquisitions.

Key words: *Children, train up, attention, love, parent, lesson, discipline, obey, family, conflict.*

Бұл мақалада балаларды әр түрлі жағдайларда өз-өздерін қалай ұстау қажеттігі қарастырылған. Көп балалар әке-шешенің ерекше көңіл бөлгендігінен қатты еркелеп кетеді. Балаларды жас кезінен тәрбиелеу қажеттігі жайлы айтылған. Бала тәрбиесі дүниеге алғаш келгеннен-ақ басталуы қажет. Бала бір жасқа келгеннен бастап белсенді физикалық дамиды, оның бейімделуі, қоршаған ортаға және тәжірибе алуға мүмкіндігі болады.

Тірек сөздер: *балалар, тәрбиелеу, зейін, махаббат, ата-ана, сабақ, тәртіп, тыңдау, жанұя, конфликт.*

В этой статье мы рассматриваем проблемы воспитания детей, как вести себя, что делать в различных ситуациях. Некоторые дети очень избалованы из-за ухода или внимания родителей. Также в этой статье говорится о необходимости воспитывать детей с раннего возраста. Воспитание детей лучше всего начинать уже с первых недель его жизни. Начиная с рождения и до года – это время активного физического развития малыша, его адаптация к окружающей среде и приобретения опыта.

Ключевые слова: *дети, воспитывать, внимание, любовь, родитель, урок, дисциплина, слушаться, семья, конфликт.*

Nowadays it is very difficult to train up children. The moral of the soviet period is far from us. Children are spoiled because of the attention that is given to them. Love for children makes them unhappy. We sometimes use the punishment for them in order not make mistakes. So the proverb says: "Train up a child

in the way he should go, and when he is old he will not depart from it" [1].

At first glance this *sounds* like a wonderful promise to parents – exactly what every God-fearing parent would love to have as a promise from the Creator of marriage and family. Naturally, Muslim parents possess

an unquenchable hope that their children will remain with the faith in which they are reared. Or, if their child departs for a while, the parents cling to the belief that the child will return.

Some modern writers suggest that the phrase “in the way that he should go” includes the understanding of learning styles. Some children learn better visually, when they are shown illustrations of the lesson. Others learn better in an auditory manner, picking up the lesson by hearing alone. Visualizations would be distracting to these children. And some children learn with the help of motion or kinesthetically. That is, incorporating some movement into the lesson helps affix it to their understanding. If these children are forced to sit still, only seeing illustrations or hearing a lesson, they may fail to grasp the point at all!

The emphasis is on the training of a child before the need to discipline arises. It is apparent that, though they expect obedience, most parents never attempt to train their child to obey. They wait until his behavior becomes unbearable and then explode. With proper training, discipline can be reduced to 5% of what many now practice. As you come to understand the difference between training and discipline, you will have a renewed vision for your family – no more raised voices, no contention, no bad attitudes, fewer spankings, a cheerful atmosphere in the home, and total obedience from your children [2].

Any parent with an emotional maturity level higher than the average thirteen-year-old can, with a proper vision and knowledge of the technique, have happy obedient children. This is not a theory; it is a practical reality that has been successfully applied many times over.

One couple we know was stressed out with conflict of their three young children. After spending the weekend with us and hearing some of these principles, they changed their tactics. One week later, they exclaimed, “I can’t believe it; we went to a friend’s house, and when I told my children to do something, they immediately, without question, obeyed.”

These truths are not new, deep insights from the professional world of research, but rather,

the same principles the Amish use to train their stubborn mules, the same technique God uses to train His children. These principles are profoundly simple and extremely obvious. After examining them with us, you will say, “I knew that all along. Where have I been? It’s so obvious”.

Nurture refers to that environment in which children are to be raised and that brings together, like a corral gate, all the sides and ingredients for the training corral. In the words, “bring up,” are from the Greek word *ektrefw* which means, “to nurture, nourish, provide for with care that nourishes, feeds, or trains.” In other words we are to provide the kind of care that will promote healthy growth and development. Of course, the context is dealing with spiritual and moral development that flows out of a right relationship with God, walking under God’s control, but it is the fruit of the loving care of godly parents [3].

When we provide the right kind of nurture, when we use God’s training corral, we can and should expect both happy and obedient children. Many parents would settle for simply obedience, but *happy obedience* should be the goal. Happy obedience is not too much to expect.

You and Your Child, Charles R. Swindoll has an excellent comment regarding attitudes. He writes, We deal as severely with attitudes in our home as we do with actions. A sullen, stubborn spirit is dealt with as directly as an act of lying or stealing. The way you deal with your sons will, in great measure, determine how they will respond to the way God deals with them [3].

An illustration: Mother and little Jimmy are in the supermarket and Jimmy sees the inviting candy display (cavity makers) at the checkout stand:

Jimmy: “I want some candy, Mommy.”

Mother: “No honey, not today.”

Jimmy: “But why? I want some candy. I’m hungry.”

Mother: “It’s too close to supper and you have had enough candy for today.”

Jimmy: “But I want some candy, I WANT some candy ... ”

Mother: “No Jimmy, now come along. Do you hear me?”

And so goes the battle. Jimmy proceeds to flop on the floor crying and kicking his feet, or he grabs a handful of candy anyway. Finally, in desperation and because people are looking, mother says, “Oh all right, have some candy, but come on, I’m in a hurry.” Jimmy has manipulated his mother. He has not been made to mind, much less with a happy obedience. He has also learned that if he makes a scene in public, he can get his way.

Not every parent will act the same way to such stubbornness, so children quickly learn what it takes to get what they want. Some will pout and whine; others may cuddle up and bat their eye lashes, but if the parent gives in the results are the same. In any case, these children are not learning happy obedience, submission to authority, nor respect or honor for what is right. Instead they are learning to get their own way and to act selfishly and disrespectfully toward their parent’s wishes and wisdom.

Because the disobedience of little children can be cute (at least to their parents and grandparents) the tendency is to laugh and say, “Isn’t she cute?” or “Isn’t he a mess?” But when we do this (and I find this an even greater temptation now that I am eight times a grandparent), we are helping to *reinforce* disobedience. Parents need to raise their level of expectation to the point they demand and expect obedience but with a happy face.

Roy Lessin tells this story. One evening we visited some friends for dinner. After dinner the children ran off to play and we parents visited in the living room. Soon it was time to leave, so I called out and told the children that it was time to go. “Okay daddy,” came the quick reply. And within a few seconds both children were in the living room ready with their coats on.

“Did you see that,” my friend exclaimed to his wife. “Yes, I did, that’s amazing,” she replied.

“What’s amazing,” he asked.

“Your kids,” the friend replied. “When you said it was time to go they obeyed without a fuss.”

What these friends saw as amazing, the other father had come to expect. This was normal behavior because this father used God’s training corral. And, fathers, do not provoke your children to anger; but bring them up (nourish them) in the discipline (training, nurture) and instruction of the Lord [4].

What kind of nurture or training provides those ingredients that, when properly brought together act like a corral to contain, control, and train children so they joyfully obey? Scripture promises and teaches that children can be a blessing. Parents do not have to wait in anxious concern and fear in anticipation of those ‘horrible teenage years.’ But neither can they wait until those teenage years to apply the principles of the training corral.

BIBLIOGRAPHY:

1 Praliev S.Zh., Nuriev M.A., Seisenbayeva Zh. A. Orazymbetkyzy A. The national education (on the basis of customs and traditions), – The manual, Almaty, – 160 p.

2 Theological Word Book of the Old Testament, R. Laird Harris, editor, Gleason L. Archer and Jr. Bruce K. Waltke, associate editors, Vol. I, – Moody Press, Chicago, – 1980, p. 387.

3 Derek Kidner, Proverbs: An Introduction and Commentary, The Tyndale Old Testament Commentaries, – Tyndale Press, London, – 1964, p. 134.

4 Roy Lessin, How to be Parents of Happy and Obedient Children, quoting Charles R. Swindoll in, You and Your Child. – Omega Publications, Medford, OR, – 1978, p. 81,

5 Seisenbaeva Zh. The scientific base of the national education. – The manual, Almaty, 2011, 156 p.

6 Francis Brown, S.R.Driver, Charles A.Briggs. A Hebrew and English Lexicon of the Old Testament. – The Clarendon Press, Oxford, – 1907, p. 335.

Қазақ қыздарының парасат мектебі – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, қоғам қайраткері К.Қ.Құнантаеваның мерей тойына арналған «Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістіктегі білімі мен ғылымының даму тарихы және замануи тенденциялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция болып өтті. Конференция жұмысына педагогика ғылымы саласы бойынша көрнекті ғалымдар, республиканың түкпір-түкпірінен шәкірттері, магистранттар, докторанттар және студенттер қатысты. Сол конференция баяндамашыларының ой-пікірлерін журналымызға ұсынып отырмыз.

УДК 37.03

С.Т. Иманбаева

*Абай атындағы ҚазҰПУ, педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
ХПБҒА-ның академигі, Халықаралық КОНКОРД академиясының
корреспондент мүшесі (Франция)*

М. Қасымжанова

Милиция полковнигі, жазушы

ҚЫЗДАР ӘЛЕМІНІҢ ПАДИШАСЫ

Мақалада педагогика ғылымының негізін салушы, педагогика ғылымы бойынша үш мемлекеттің ұлттық ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымы бойынша Қазақстанның ұлттық ғылым академиясының алғашқы академигі, ұлттық парасат мектебінің негізін салушы ғалым, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Күләш Құнантайқызының парасаттылық өмірі қамтылады.

Түйін сөздер: педагогика, педагогика ғылымы, ұлттық парасат мектебі, парасаттылық.

В статье рассматривается путь становления основателя интеллектуальной школы и педагогической науки в Казахстане, академика НАН РК, академика Российской Федерации, академика Грузии, доктора педагогических наук, профессора Куляша Кунантаевой.

Ключевые слова: педагогика, педагогическая наука, национальная интеллектуальная школа, интеллектуальность, разумность.

The article discusses the way the intellectual development of the founder of the school and pedagogical science in Kazakhstan, academician of NAS RK, academician of the Russian Federation, academician of Georgia, doctor of pedagogical science, Professor Kulyash Kunantaeva.

Keywords: pedagogy, education science, National School of reasonableness, intellectual, Reasonableness.

Белгілі журналист Ғабит Мүсіреп айтқандай, «Талай лауазымды қызмет атқарса да, табиғи қалпынан аумаған», – деп кейбір жандар туралы әңгіме қозғалғанда айтылып жатады. Күләш апайға қатысты да осыны айтуға болар еді. Есімі қалың жұртқа кеңінен танымал кісімен кездесу алдында кәдімгідей толқып, қиналатынымыз бар. Жалпы, адам баласының психологиясы қызық қой,

кейде жасы үлкеннен гөрі қызмет тұтқасын ұстағандардың алдында кәдімгідей қобалжимыз. Бұл, бәлкім, кешегі кеңестік кезеңнің сарқыншағы шығар. Күләш апаймен алғашқы кездескен сәтте өзіміз де осындай күйді бастан кешкенбіз. Алайда апай кандай қызмет биігіне көтерілсе де, кісілік, зиялылық қалпынан әсте айнымаған. Өзімен әңгімелескен сайын парасаттылықтың тыл-

сым тереңіне бойлағандай ерекше бір әсерді бастан өткізесің. Пайым-парасаты биік ғалыммен сұхбат барысында пенделік тірліктің бәрі тысқары қалып, біртіндеп зияткерлік, танымдық, ғылыми ортаның өзіндік сиқырына дендеп еніп, рухани жағынан да биікке көтерілгенінді өзің де байқамай қалатын тәріздісің.

Іріліктерден ғана үлкен істер жаратылатыны көп жағдайда қаперден шығып жатады. Әйтпесе, өз жұмысына барынша ынта-ықыласымен ден қою, соған бүкіл күш-жігерін жұмсау, алға қойған міндеттерді қалтқысыз орындау ғана асқаралы асуларды бағындыруға жол ашады емес пе. Төрткүл дүниенің темірқазығы да талап-талғамы биік, парасат-пайым мен бекзаттық болмыстың қағидатына берік жандардың арқасында айналып тұрғандай көрінетіні де сондықтан дей келе, академик Күләш Құнантайқызы осындай жандардың санатынан болатынын ашық айта аламыз. Журналист Ғ.Мүсіреп «адам бүкіл өмірде мәңгілік емес, сол себепті ешкімнің еңбегін төмендетуге болмайды. Мен жеткен биік белеске басқалар жетпесін деп адамның жаманы ғана айтады. Кімнің де болса адал еңбегін бағалай білген жөн. Өмірді босқа өткізбей артта бір белгі қалдыру керек» деп айтқандай, Күләш Құнантаеваның өмірлік кредосына тоқталайық. Ғалым әлі күнге дейін осы кредосына берік. Шәкірттерінің биік белестеріне көтерілгенін мақтаныш ете отырып, жаңа толқынды тәрбиелеуге де ат салысып жүр. Қазақ қыздар педагогикалық институтының докторлық, кандидаттық диссертация қорғау кеңесінің төрайымы, мүшесі болды. Үлкен ғылыми мектептің негізін қалады. Институт ұжымы да елдің білім беру мен ғылым саласын өркендетуге елеулі үлес қосқан, кейінгіге айта жүрер өзіндік із қалдырған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Күләш Құнантайқызының, ғалым ғибраты дегеніміз осы болар, сірә [1, 66-67].

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы Сәбит Досанов «Далалық мегалит» атты еңбегінде біртуар қазақ

қызы туралы «республикаға белгілі институттың үлкен ұжымы оны құшақ жая қарсы алды. Жаңа ортаны жатсынбай, оны айтасыз, тіпті, үлкен қуаныш, аса ыстық ықыласпен қабылдауы қобалжыған көңілін көкке көтерді, жігерін жанып қанаттандырып жіберді. Сол көтеріңкі көңіл күймен жұмысқа құлшына кіріскен оны біршама жолға қойылған оқу процесімен бірге институттың да жұтаң материалдық базасы қатты алаңдатты. Ұзақ ой-толғаныстан соң аса ауқымды жоспар жасады. Ақ қағазға арман болып құйылған қиялы ғажап! Ал, оны іске асыру қиын. Көз алдында сап түзеген еңселі әсем ғимараттар өмірге келу үшін қаншама қажыр-қайрат, ең бастысы – аса мол қаржы керек. Мұндай күрмеуі қатты күрделі проблема республиканың бірінші басшысы Қонаевтың қолдауынсыз шешілмесі анық. Ендеше сол кісіден көмек сұрау керек. Осы ойға бекінсе де жүрексініп біраз жүрді. Екі жүз елу миллион халқы бар алып империя СССР-дегі ауыр салмақты саясаткер – КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, есімі мен еңбегін әлем таныған, талай жақсы мен жайсаң табынған үлкен кісімен сөйлесу оңай ма?! Ауыл шаруашылығы саласында басшы қызметтерде болған әкесі Құнантай, тарихшы ғалым ағасы Мұздыбай, Мәскеуде білім алған әпкесі Күлпаш мұны батылдыққа баулымап па еді? Енді бір сәт оның ойына осы жұмысқа барарда ағалық ақылын айтқан Қонаевтың: «Менің көмегім қажет болса қысылмай келе беріңіз» – деген сөзі оралып, өзіне жылы қабақ танытқан мейірімді жүзі келе қалды. Сол сәт өзінде өзгеше бір батылдық пайда болған ол Қонаевтың қабылдауына келді» [1, 83-84].

Осы әңгімеден соң қыздар институтының бас ғимараты орналасқан алаң алып құрылыс алаңына айналды. Арада екі жарым жыл өткенде Гоголь – Сейфуллин – Байтұрсынов көшелерінің қиылысында студенттерге арналған төрт бірдей жатақхана бой көтерді. Әрқайсысы үш жүз, төрт жүз орындық жатақханаға ұзын саны бір мың алты жүз студент орналасты. Олар жатақханаларға жай жайғасып қана қойған жоқ, қолдарына қызыл белдеулі ресми қағаз – ордер алып, қа-

лаға тіркелді. Сонымен бірге бір мезгілде бір мыңнан аса адамды тамақтандыратын мүмкіндігі бар асхана мен спорт комплексі салынып, Масанчи мен Сейфуллин көшесінің қиылысынан төрт қабатты жаңа ғимарат – оқу корпусы бой көтерді. Солармен жарыса салынған сексен пәтерлік тұрғын үй үйсіз жүрген ұстаздарға берілді. Материалдық базаның жақсаруы жаңадан он екі лаборатория ашуға, тәжірибелі педагогтарды жұмысқа қабылдауға мүмкіндік берді. Осының бәрі институттың оқу және ғылыми жұмыстарын жаңа биікке көтерді» [1, 88].

Бір мың тоғыз жүз алпыс сегізінші жылдың күзінде Д.А. Қонаевтың қабылдауында болған кезде айтқан «Сізді ұятқа қалдырмауға тырысамын» деген серттей берік сөзінде тұрды ректор Күләш Құнантаева. Бірінен бірі көркем, сырты нұрлы, іші сырлы көп қабатты еңселі ғимараттарды бүгінде ел «Күләш Құнантаева қалашығы» деп атайды. Сол «қалашық» салынып біткенше Күләштың бір тыным таппай, жанкешті еңбек еткені көптің көз алдында. Ал, қанша түнді ұйқысыз, қаншама күнді күлкісіз өткізгені оның өзіне ғана аян.

Қыздар институтындағы «Күләш Құнантаева қалашығы» қайтпас, қайсар, қайраткер қазақ қызының отызда бұзған ордасы. Оның қырқында алған қамалы тағы бар [1, 86-88]. С.Досановтың мақаласында қазақ қыздарының падишасы атанған қазақтың аяулы қызының еңбек жолынан мағлұмат аламыз. Халықтың жадында осы уақытқа дейін «Күләш берген үй», «Күләштің тұсында алған үй» деген терминдер ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын тауып отырғаны белгілі. Міне, қазақ қызының халыққа істеген жақсылығы мәңгілікке жалғасын тапты деп толықтай айта аламыз.

Қос ғылымның, психология және педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қ.Жарықбаев «Күләш Құнантаева – барлық салада бірінші», – деп айтуы тегін емес. Алғашқы педагогика ғылымдарының докторы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, КСРО Педагогика ғылымы академиясына қазақ қыздарының арасынан бірінші коррес-

пондент мүшесі, қазақ қыздарының ішінен тұңғыш Ресей Білім академиясының академигі, Грузия Білім академиясының академигі, Жоғары аттестаттау комиссиясының педагогика-психология ғылымының сараптама бөлімшесінің алғашқы төрайымы, – деп тізбектеліп кете береді. Күләш Құнантайқызы – Қазақ қыздар педагогикалық институтының орнығу, кемелдену, толысу тарихындағы үлкен ғалым, басшы. Олай дейтініміз жер шарында қыздардың оқу орны Қазақстанда, қазақ жерінде ғана көркейіп отыр. Ендеше, Күләш Құнантайқызы педагогика тарихында әрі оның ғылымына іргелі үлес қосқан халықаралық деңгейдегі тұлға» [1, 31-32].

Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, философия ғылымдарының докторы, профессор Раушанбек Әбсаттаров «Ұлағатты ұстаз. Көрнекті ғалым. Парасатты тұлға» атты мақаласында ҚР ҰҒА-ның академигі К.Қ.Құнантаева туралы былай деп жазды: «Ұстаз тек білгенін үйретуші ғана емес, тұла бойы тұнған өнеге, ақ тілеулі ана тәрізді барлық адамның бойынан жақсылық іздейтін ізгі ниет иесі. Ұстаз да диқан сияқты. Ол әр адамның жанына білім дәнін себеді. Әр шәкіртін аялап өсіріп, өмір атты шексіз ғаламға топшысын қатайтып ұшырады. Дәлірек айтсақ, адамды өмір сүре білуге тәрбиелейді. Сол үшін бойындағы асыл қасиеттерін шәкірттеріне сіңіріп, тер төгеді. Осындай ұстаздардың бірі емес, бірегейі – педагогика ғылымдарының докторы, ҰҒА академигі, профессор Күләш Құнантайқызы. Ол – Қазақстан ғылымына зор үлес қосқан, әлі де одан сайын үдемелі үлесін қоса беретін белгілі ғалым, есімі мақтанышпен айтылатын, өмірі – өнеге ұлағатты ұстаз, парасатты тұлға.

«Тұңғыш» сөзі Күләш Құнантайқызының есімімен байланыстырыла, қатар айтылады десек дәл ақиқаты болар еді. Ол Қазақ мемлекеттік қыздар институтын бітірген қыздардың ішінде бірінші болып, педагогика саласында ғылым докторы атанды».

Сонымен қоса, Күләш Құнантаева қазақ

мемлекеттік қыздар педагогика институтын бітірушілерден алғашқы профессор. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институты бітірушілерден Күләш Құнантаева – орта және жоғары білім министрінің бірінші орынбасары. КСРО Педагогика ғылымы академиясына қазақ қыздарының арасынан бірінші корреспондент мүшесі болған да, қазақ қыздарының ішінен тұңғыш Ресей Білім академиясының мүшесі, Грузия Білім академиясының мүшесі болған да Күләш Құнантайқызы. Еліміз тәуелсіздік алған соң Жоғары аттестаттау комиссиясының педагогика, психология ғылымының сараптама бөлімшесінің алғашқы төрайымы болды. Сонымен, Күләш Құнантайқызы педагогика тарихында, әрі оның ғылымына іргелі үлес қосып келе жатқан халықаралық деңгейдегі ірі тұлға [1, 88-93]. Жоғарыдағы Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер Құбығұл Жарықбаевтың «Күләш Құнантаева – барлық салада бірінші» деген сөзінің аталған мақалада қайталанып отырғанын көреміз.

К.Қ.Құнантаеваның «Лембергтің шәкірті болғанымды мақтан тұтамын» деген ұстазына деген ұлы сезімі, махаббаты оның тағы да парасаттылығын көрсете алады. Парасатты тұлғаның естеліктерінде «Қазақтың мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітіргеннен кейін екі жыл Алматы облысы Жамбыл ауданының «Октябрь» орта мектебінде орыс тілі мен орыс әдебиетінен оқушыларға сабақ бердім. Содан кейінгі он жыл комсомол қызметінде өтті. Алматыдағы бұрынғы Ленин атындағы аудандық комсомол комитетінде оқу бөлімін басқардым, Алматы облыстық комсомол комитетінде хатшы, Қазақстан комсомолының Орталық комитетінде хатшы болдым. Қызметім орта және жоғары оқу орындарымен тығыз байланысты болды.

Сол жылдардың бірінде пионер ұйымының тойына байланысты мен Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының Ғылыми Кеңесінде Қазақстанның пионер ұйымы туралы баяндама жасадым. Ғылыми Кеңес жұмысына көрнекті ғалым

Сақтаған Бәйішев, Кеңес Одағының батыры Мәлік Ғабдуллин ағаларымыз, профессор Р.Г.Лемберг сияқты елімізге кең танымал азаматтар қатысып отырды.

Ғылыми мәжілістен кейін профессор Р.Г.Лемберг менің қасыма келіп «Сіз пионерлер туралы диссертация жазып жүрсіз бе?» деп сұрады. Мен жоқ деп жауап қайтарып едім, «маған келіңіз, мен сізге тақырып беремін, аспирантурада сырттай оқуға болады» деді. Содан бастап Раиса Григорьевнаның жетекшілігімен жұмыс істей жүріп, неше түрлі тың бастамаларды өмірге әкелдік. Оқушылардың мектептен тыс бірлестіктерінің барын көбейтіп, жоғын өзіміз ұйымдастырып, жас шекарашылар, жас санитарлар, жас өрт сөндірушілер, жас геологтар, жас милиционерлер, тағы басқа мамандыққа бейімдейтін үйірмелер, ұйымдар жұмысын жолға қойдық. Қазіргі уақытта бұл бағыттағы жұмыстар қайтадан жандана бастады.

Менің ғылыми жетекшім Раиса Григорьевна Лемберг докторлық ғылыми атағы болмаса да, профессор деген атағы болған. А.В.Луначарский, Н.К.Крупская, тағы басқа сол кездегі басшылармен бірге бұрынғы одақтық оқу мәселелері туралы ең алғашқы құжаттарын дайындауға қатысқан. КСРО Оқу министрлігінде көп жылдар қызмет еткен. Ленинградтағы, қазіргі Санкт-Петербургтегі Герцен атындағы педагогикалық университетте сабақ берген. 1938 жылы қызының артынан Алматыға келіп, ҚазПИ-де профессор болып, көп жылдар педагогика кафедрасын басқарып, ұзақ өмір сүрді. Профессорлық-оқытушылық қызметімен бірге аспиранттарға ғылыми жетекші, докторанттарға ғылыми кеңесші болды.

Қазақстандық педагогика ғылымының көрнекті қайраткерлері Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, тағы басқа көптеген есімі елге белгілі ғалымдар – Р.Г.Лембергтің шәкірттері. Педагогика ғылымының дамуына зор ықпал еткен Р.Г.Лемберг қырықтан астам ғылым кандидаттары мен докторларын дайындаған. Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері деген атаққа ие болды,

орден, медальдармен марапатталды. Көпті көрген, көп білетін, адамгершілігі мол, аса мәдениетті, нағыз интеллигент адам еді.

Мен ғылымдағы еңбек жолымның Раиса Григорьевна Лембергтің шәкірті болудан басталғанын мақтан тұтамын», - дейді академик [1, 68-71].

Мен докторлық диссертация қорғаған кезде бізде, Қазақстанда, докторлық ғылыми Кеңес болған жоқ. Ташкент қаласының Низами атындағы педагогикалық университетінде, ол кезде педагогикалық институт болатын, Орта Азия республикалары мен Қазақстан үшін аймақтық докторлық диссертациялық Кеңес ашылды. Мүшелері бірнеше республикалардың докторларынан құрылды. 1981 жылы сол Кеңесте докторлық диссертациямды қорғадым. Қорғауым жаксы өтті. Қазақстан әйелдерінен педагогика мамандығынан мен бірінші болып қорғадым. Кеңес Одағы астанасы Москвадағы жоғары аттестациялық комитет маған докторлық ғылыми атақ берді, бір жылдан кейін профессор дипломын да алдым».

Кеңес өкіметі кезінде КСРО Педагогикалық ғылым академиясының корреспондент мүшесі болды. Бұл Академияның академигі болып Мәлік Ғабдуллин ағамыз сайланды. Одан кейін Қазақстаннан А.Сембаев, С.Қирабаев, К. Айманов, К. Құнантаева, Т.Садықов т.б. сайланды [1, 68].

Күләш Құнантаевамен университетте қызметтес болған, профессор К.Ж.Мыңжасарова «Күлекең жөнінде әңгіме болғанда, тағы бір ерекше айта кететін нәрсе – ол кісі қаншама атақ-абырой алып жатса да, желп етіп масаттануды білмейтін. Бәріміз үйренетін, бәріміз емес иісі қазақ әйелі үйренетін Күлекеңнің бір ғажап қасиеті – қаншалықты жауапты жұмыста жүрсе де, өзінің жұбайы Зейнолланы қызметтің қысылтаяңына қарамай, қас-қабағына қарап, өте құрметтеп, өзінен жоғары ұстап отыратын» [1, 23].

Қазақтың география ғылымының дамуына іргелі үлес қосқан ғалым, профессор Ә.Бірмағамбетов «Күләш Құнантайқызы басқарған жылдар Қыздар институтының

қарыштап өсіп қанатын кең жайған кезі болды. Бәлкім, заман талабы солай шығар, дегенмен ректордың еңбегі ерекше ерен еді. Бәрінен бұрын студенттер мен оқытушылар саны күрт өсіп, институт ірі жоғары оқу орындары қатарына қосылды. Институттың материалдық базасы барынша нығайды. Қазіргі Әйтеке би көшесіндегі оқу корпусы, кітапхана, асхана, 4 жатақхана, 2 оқытушылар үйінің ғимараты салынды, жаратылыстану-география факультеті үшін агробиологиялық станцияға жер алынып, игерілді.

Оқытушылар қатарындағы ғылыми атағы мен дәрежесі бар педагогтардың үлес салмағы республика бойынша алдыңғы қатарға шықты. Оқу-тәрбие жұмысы үлгі тұтарлық дәрежеге көтерілді. Бұл саладағы жетістіктермен танысу үшін Америка, Азия, Африка елдерінің өкілдері институтымызға үздіксіз келіп жатты.

Күләш Құнантайқызы қарамағындағы қызметкерлерге үлкен қамқорлықпен қарайтын сезімтал басшы бола білді. Қоймай жүріп қалалық кеңестен орын, министрліктен қаржы бөлдіріп, институт ғимаратының жанына 2 тұрғын үй салдырғанда қаншама адамның алғысына бөленді десеңізші!

Міне, содан бері талай жылдар артта қалып, өткен тарихымыз еншісіне тиді. Институттың және оның бөлімшелерін басқару жұмысын кейінгі жастар замана талабына сай алға алып баруда. Олардың өтпелі қиын кезеңдегі жолында аға буын өкілдерінің аянбай тер төккенін еске алу ләзім. Солардың қатарында Қазақ қыздар педагогика институтын 16 жыл басқарған педагогика ғылымының докторы, профессор Күләш Құнантайқызының еңбегі ерекше орын алды» [1, 34-36].

Күләш Құнантайқызы туралы айтылғын, жазылған сөздер ол кісінің кемеңгер тұлғалық бейнесін көрсетеді. Халқымыз К.Құнантаеваға деген сүйіспеншілігін «педагогиканың абызы», «ұлағатты ұстаз», «ғалым», «ағартушы», «шебер ұйымдастырушы», «ұлы ұстаз», «аяулы ұстаз», «кемеңгер ұстаз», «қайсар қызы қазақтың», «ізі өшпейтін ізгі тұлға», «қыздар әлемінің падишасы», «ба-

уырмамал құшақ аясы» т.б. сөздермен жеткізді, ұрпақтың оған деген рухани сүйіспеншілігі тізбектеліп жалғаса береді. Бір адамның атына осындай жылы сөздің тізбектелуі де тұлға бейнесінің кереметтілігімен бірге, рухани сомдала түскенін көрсетеді.

Оның жетекшілігімен жиырмадан астам ғылыми ізденушілер диссертациялар қорғап, ғылым кандидаты, докторы болды. Ғылым докторлары С.А.Ұзақбаева, І.Р.Халитова, Ә.С.Әмірова, П.Сейтқазы, ғылым кандидаттары Н.Сманова, Г.М.Әубакірова, Л.Т.Сайдахметова, М.К.Садықова, А.Ш.Икрамова бүгінде ғылыми жұмыстарға жетекшілік жасап, өз ізбасарларын даярлауда. Ғалым «Бұл – мен үшін үлкен қуанышым, бақытым», – деп аса үлкен мақтаныш сезіммен айтады.

Профессор, п.ғ.д. І.Р.Халитова ұстазы туралы эссесінде «мен де өзімнің ұстазым, аса қадірлі де мәртебелі апамды «педагогиканың абызы» деп айтуға тұрарлық екенін атап өтемін. Абыз сөзі – сақтаушы, қорғаушы, көреген, аса қадірлі, құрметті дегендермен қоса, тәжірибелі, мәртебелі деген мағынада да қолданылады екен. Қазақ тілінің ғұламалары бұл сөзді әйел адамға қатысты пайдалануға болмайды деген пікір айтады. Кең бейтақ өлкеміздің қай бұлың-бұрышына бара қалып, сол жердегі қарттармен тілдесе кетсеңіз, Күләш апамызды білмейтіні жоқ. Сол 50-60 жылдардағы қажырлы, жалынды жас Күләш Құнантайқызы бүгінде «педагогиканың абызы» болып отыр. Өйткені, осы салада өмір бойы еңбек етті, өсіп-өнді, қатардағы мұғалимадан академикке дейін көтерілді.

Ұстазымыз Күләш апамыздың бойында абызға тән барлық қасиеттер бар және ол тәлім-тәрбие саласында қуатты көрініс берді. Өйткені, өзі еңбек етіп келе жатқан педагогтар қауымында мәртебелі, әлі күнге біздерге тың пікірлерімен ой салып отырады.

Қалай десек те, кез келген адамның өмірінде көрген өнегесі мен тәрбиесі, өскен ортасымен ата-анасы арқылы берілген туа біткен қасиеттер өз қызметін өтейді. Көрген тәрбиесі мен көкейіне түйген білімі және өмір салтына қарап отырып тектілер қатарына жатқызады.

Педагогиканың абызы Күләш апамыздың тегіне келетін болсақ, әкесі Құнантай мұсылман мектебінде ескіше оқыған, білуге деген туа біткен қызығуының арқасында өз бетімен көп оқып, білімін жетілдірген. Соның нәтижесінде жетекші, басшы қызметтерде болған. Мысалы, сол жердегі «Большевик», «Жаңа талап» және тұрғындары ылғый немістерден құралған «Победа» колхоздарын басқарған. Күләш апамыз әкесі туралы «ақылды, дипломатичный адам еді», – дейді [1, 71-72].

Шәкірті, профессор Әмина Әмірова «Күләш Құнантаеваның білікті ғылыми кадрларды даярлап қана қоймай, сонымен бірге, өзі қызмет істейтін институтта кандидаттық диссертация қорғау кеңесін 24 қазан 2000 жылы ашқанын ерекше атап өткім келеді. Педагогика саласы бойынша бірнеше жылдар бойы ізденіп, ғылыми жұмыстарын аяқтаған, жас мамандардың осы кеңестен қорғап шығуы қуанарлық жағдай. Арнайы мамандандырылған кеңестің төрайымы ретінде ғылыми кадрлар даярлауда терең білімділігімен, үлкен жауапкершілікті түсіне білген ғалымның, еліміздің болашағы – ғылымның дамуына байланысты деген жоғарыда айтылған теориялық ой қорытындысын тәжірибеде жүзеге асырудың басында тұруының өзін бір биіктік деп түсінемін», – дейді [1, 49].

Қазақ елінің ұлттық білімі мен ғылымын дамытып жүрген, бірегей шәкірті, профессор Сақыпжамал Ұзақбаева «Күләш Құнантайқызы дарынды ғалым ғана емес, тамаша ұйымдастырушы, шындықты тура айтатын, қолдан келер көмегін үлкен-кішіден аямайтын, ақ пейілді абзал жан. Оның өмірден алған тәжірибесі мол, жеткен жетістіктері мен алған асулары да биік. Қазақстанның қоғамдық өмірі мен Білім беру жүйесінің дамуына да қосқан үлесі телегей теңіз. Қазақ жастарына, соның ішінде қазақ қыздарына тәлім-тәрбие беріп, білікті маман иесі болып шығуына жанашырлық танытып, әлеуметтік жағдайларына қарай материалдық көмек беріп отырғаны да тәжірибелі ректормен қызметтес болған педагог-ғалымдарға таңсық емес. Ұлағатты ұстаздың міне осындай

адами қасиеттеріне, қазақ қыздарына деген аналық жылы мейірімі мен шынайы таза пейіліне, болашаққа деген сенімі мен қайрат-жігеріне еріксіз таңырқап, қайран қаласыз», – деген ізгі ойлары ғалымның әлі де қазақ еліне берері мол екенін нақтылай түседі.

Күләш Құнантайқызының қазақ қыздар әлемінің падишасы болуы да, ұлттық білім мен ғылымды дамытуда ерен істері, ол туған ұлы топырақтың, ұлы Абай, Шәкәрім, Мұхтар

туған топырақтың киесінен, өзінің ата-тегінен берілген тума қасиеттен деп бағалауға болады. Бір әулеттен шыққан ағайынды ғалымдардың қазақ елінің дамуына қосқан үлестері алтын әріппен сабақталып, жылжып кете береді. Артында оның ізін жалғастырушы замандастары, шәкірттері, бүкіл қазақ елі тұрғанын көріп педагогика ғылымының абызының мәртебесі мәңгілікке шарықтай бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 «Өткені өнегелі, дана басшы, ұлағатты ұстаз». Қоғам қайраткері Күләш Құнантайқызы Құнантаева туралы эсселер. – Алматы: «Қазақ университеті баспасы». – 2016. – 230 б.

2 Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, қоғам қайраткері К.Қ.Құнантаеваның мерей тойына арналған «Қазақстан Республикасының әлемдік кеңістіктегі білімі мен ғылымының даму тарихы және замануи тенденциялары» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы. – 14 қазан, 2016. – 417 б.

3 Иманбаева С.Т. Парасат мектебінің негізін салушы. // Педагогика және психология. – 2016. № 2.



«Танымның үш жолы бар:
ең оңайы – еліктеу,
ең ащысы – тәжірибе,
ең мәртебелісі – ойлау»

Конфуций.

ӘОЖ 808.5

М.А. Нуриев

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының
директоры, профессор, ҚР Жоғары мектебіне еңбегі сіңген қызметкер,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері*

Д.М. Советканова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі*

А.Е. Садыкова

*Абай атындағы ҚазҰПУ, Интеллектуалды ұлт қалыптастыру орталығының
аға ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының магистрі,
Ы.Алтынсарин атындағы Мемлекеттік сыйлығының иегері*

ҰСТАЗДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІНЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАПТАР

Ұсынылып отырған мақалада Ұстаздық қызметке бүгінгі қоғамымыздың қойылатын талаптары туралы сөз болады. Мұғалімнің жеке басындағы қасиеттерінің кәсіптік мәні ашылып, тәрбие үрдісінде ұстаз тұлғасының рөлі көрсетіледі. Қазіргі күннің талаптарына сәйкес мұғалімнің тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы ашылып оны дамытудың маңыздылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: ұстаз, қоғам, білім беру, ұрпақ, дамыту, тәрбие, өркениет, тіл тазалығы, сөйлеу мәдениеті.

В данной статье рассматриваются требования к современному педагогу в аспекте основных сторон педагогической деятельности. Учитель – субъект педагогического общения, его личность и стороны развития. Влияние позитивного мировоззрения на воспитание детей в процессе работы. А также культура речи учителя: коммуникативная культура педагога, типы языковых культур учителей и требования к культуре речи педагога.

Ключевые слова: преподаватель, общество, образование, новое поколение, воспитание, культура речи, коммуникативная культура педагога.

In this article requirements to the modern teacher in aspect of the main parties of a teaching activities are considered. The teacher – the subject of a pedagogical communication, his personality and the parties of development. Influence of positive outlook on education of children in the course of work. And also standard of speech of the teacher: communicative culture of the teacher, types of language cultures of teachers and requirement to the standard of speech of the teacher.

Keywords: teacher, society, education, new generation, education, standard of speech, communicative culture of the teacher.

Бүгінгі дәуір – ұлттық бәсекеге, ақпараттық сайыстарға, гуманитарлық, психологиялық-әлеуметтік өзгерістерге толы ғасыр. Заманына сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты өсіру – мемлекетіміздің ең маңызды стратегиясы.

Сондықтан, интеллектуалды ірі мемлекеттік позицияны сақтап қалу, тіпті ұлттық қауіпсіздік пен стратегиялық приоритетіміздің бірден бір шешімі болашақ ұстаз қолында.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жана дәуірдің күн тәртібінде тұрған келесі мәселе – білім беру, ғылымды дамыту, өр-

кениет біткеннің өзегі, білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ.

Мұғалім сөзімен, ісімен, мәдениетімен, білікті білімімен, ұйымдастырушылық қабілетімен, балалармен тіл табысудағы қасиетімен асқақ. Өз кәсібін қадірлеген ұстаз ғана педагогтік мәртебесін биік ұстай алады. Бүгінгі қоғамға қажеті де осындай ұстаздар.

Білім берудің ұлттық моделіне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, жаттандылықтан аулақ, практикалық қызметте педагогикалық үйлестіруді шебер меңгерген психолог, педагогтік диагностика қоя білетін іскер мұғалім керек. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғаліміне қойылатын талаптар зор. Ендеше ертеңгі күнімізге аттамас бұрын бүгінгі ұстаздың кім екендігіне баға беріп көрелік.

Бүгінгі мұғалім – ана, бала бағбаны, қоғам қайраткері, оқытушы, ұстаз, оқулық авторы, технолог, жаңалықты дәріптеуші, таратушы. Сонымен қатар, мұғалім жеке көзқарасы бар, соны қорғай білетін жігерлі тұлға, зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар, білімді де білікті, көп оқитын, білімін күнделікті ісіне шебер қолдана білетін, өзінің оқушысын өз бетінше білім алуға үйрете алатын білікті маман. Ғаламдасуға байланысты «Ғаламтор» жүйесін жетік меңгерген, әлемдік білімге сай, мәдениеті жоғары жеке тұлға тәрбиелей алатын ұстаз болу қажет. Бұл – бүгінгі күннің өмір талабы.

Бұған қоса мұғалімге қойылар ең маңызды талап – сөйлеу мәдениеті мен тіл тазалығы болып табылады [1].

Себебі, сөз – құдіретті де пәрменді күш. Ойланбай, жете мән берілмей айтылған сөз адам зердесінде өшпес өз таңбасын қалдырады. Адамды кейде еріксіз ренжітіп, жасытады, жігерді құм етсе, бірде ойдың түпсіз тереңіне бойлатады. Тіпті орынсыз айтылған бір ауыз сөз адамның еңсесін басып, өмірден мүлде түңілдіріп те жібереді. Осы тұрғыдан келгенде, әйтеуір көкейіндегіні ірікпей айта салуға абай болып, андап сөйлеу қажеттігі туады. Сондықтан да, сөзді сұрыптап, байқап қолдану тәрбие берудегі аса қажетті шарттардың бірі болып табылады.

Бала түсінігінің кеңеюіне, оның сөздік қорының артуына ата-ананың ықпалы қаншалықты маңызды болса, мұғалімдердің де еңбегі орасан зор. Себебі, білмекке құштар жанның дүниетанымын байытып, ойлау көкжиегін кеңейтетін мұғалімдер болмақ. Әуезді де, сазды үнімен балаға белгілі бір оқиға, құбылыс жайлы түсінік бергенде, қиялына қанат бітіріп, арман жолына жетелейтін, күнделікті өмірмен байланыстыра отырып, жай-жапсардың қыр-сырынан хабардар еткенде, бірінші мұғалімнің сөйлеу мәнері маңызды орын алады. Осылайша, күннен-күнге түсінігі ұлғайып, ойына ой қосылып келе жатқан жас буын педагог-ұстаздың айтып отырған тәліміне қоса сөзіне, сөз саптауына мән береді. Сондықтан, білім алушыларға келешекте өмірлік өнеге болатын мағлұматтармен қамтамасыз етумен қатар, тәрбиелік мәні бар сөздерді саналарына сіңіріп отыру – берілер білімнің тәрбиемен үндесіп өріліп отыруына негіз болады. Бұл жерде, әрине, «Өйтпе, бұйтпе» деп айту ғана емес, мұғалімнің өзінің сөз саптауы мен ойын нақты, таза жеткізе алу өнері де есепке алынады. Олай болса жетіп келе жатқан жеткіншек санасына жақсы сөздер ұялата білу, жақсыға жанын құмар етіп тәрбиелеу – тәуелсіз елдің келешегін тәрбиелеу екенін ұмытпаған дұрыс.

Демек, қазіргі күннің талаптарына сәйкес мұғалімнің жеке басын жетілдіру, өнегелілік мәдениетін, тиімді сөйлеу тәртібін дамыту ерекше маңызды. Мектептегі барлық оқу-тәрбие процесінің тиімділігі көбінесе соған байланысты. Себебі, әрбір мұғалім өз басының бағалы кәсіптік сапасын, іскерлігі мен дағдысын, тиімді сөйлеу тәртібін жетілдіруі арқылы қол жеткізеді.

Мұғалімнің тіл мәдениеті – әдеби тілдің нормасынан ауытқымай, күнделікті өмірде тілдік қатынасқа түскен кезінде де, сабақ барысында да қатаң сақталуында. Ғылым тілімен айтқанда, түрлі коммуникативтік қарым-қатынас кезінде тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, белгілі бір тәртіппен жүйелі қолданып, ойын жинақтап, нақты жеткізуі.

Мұғалімнің сөйлеу мәдениетінде ойдың дәлдігі, сөздің анықтығы, тазалығы, көңіл

күйге әсер ететін шынайылығы (ол қарапайым сөзден немесе бейнелі образды сөздерден құралуына қарамастан), көркемдігі маңызды рөл атқарады [2].

Мұғалімнің сөйлеу мәдениетін қарастырғанда тілдік ситуация, тілдік сана, тілдік орта, тілдік ортаның тазалығы, сөз қызметіндегі стилистикалық қатынастардың бұзылуы, сөйлеу этикасы мәселелері, сөз мәдениеті және мониторинг, т.б. мәселелер жатады.

Сонымен қатар мұғалімнің сөйлеу мәдениетіне тілдің құрылымдық жүйесіндегі орфоэпикалық, пунктуациялық, лексикалық-грамматикалық, синтаксистік нормалар қамтылып, олардың коммуникативтік эстетикалық қызметі толық айқындалған жағдайда стилистикалық нормасы жүзеге асады. Стилистикалық норма сөйлеушінің тілдік сөйлеу тәртібін қалыптастырады. Олай дейтініміз, сөз мәдениеті көркем сөйлеуде, ғылыми-көпшілік немесе ресми ортада, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде тілдің барлық салаларымен тамырлас келеді. Мұғалімнің сөйлеу мәдениеті топ алдында мәдениетті сөйлеу, оның алғышарттарын, әдіс-тәсілін танып білу, озық үлгілерін меңгерудің жолдарын, нақты қасиеттерін ұғыну сияқты мәселелермен тығыз байланысты.

Жалпы мұғалімнің тіл мәдениетіне қойылатын талаптар қандай, әрбір мәдениетті адам мәдениетті сөйлеу, қарым-қатынас жасау үшін нені меңгеруі керек деген сұраққа тоқталсақ. Зерттеуші М.Балақаевтың сөзімен айтсақ [3], мұғалімнің *тіл мәдениетінің негізгі принципі* сөйлемдердің, жеке сөздердің тыңдаушыға, оқушыға бірден түсінікті болу керектігімен айқындалады. Мұғалім жазуда, сөйлеуде білім алушымен тілдік қарым-қатынасқа түскен кезде, ойын жеткізу үшін қажетті сөз таңдағанда олардың стильдік ерекшеліктерін ескеруі тиіс. Өйткені, тілдік норманы қалыптастыру, сауаттылық, тіл тазалығы, сөздерді дұрыс айтып, дұрыс жазу тіл мәдениетінің басты талаптары ретінде тұжырымдалады.

Сонымен, мақаламызды қорытындылай келе, мұғалімнің тіл мәдениетіне қойылар талаптарды төмендегідей саралап ұсынып отырымыз. Мұғалімнің сөзі:

- жүйелі, анық, түсінікті болуы;
 - тілдегі орфоэпиялық, грамматикалық, лексикалық нормаларға сай дұрыс құрылуы;
 - қажет жағдайда бейнелі, көркем, эмоциялы болуы;
 - сауатты, қатесіз жазу;
 - жазба мәтіндерде тыныс белгілерін сақтау;
 - әріп таңбаларын дұрыс, түсінікті жазу;
 - тілдегі ауызекі, ресми іс-қағаздарды, публицистикалық, көркем поэзиялық, ғылыми стильдердің әрқайсысының ерекшелігін сақтап отыру;
 - тілдегі көркемдік құралдар, тіл байлығын, оның мүмкіндіктерін пайдалану;
 - тыңдаушы немесе оқушының жағдайына, ортаның қажеттілігіне сай болуы тиіс.
- Сондай-ақ тілі анық болуы үшін:
- сөйлегенде тілдегі дыбыстарды дұрыс, анық айту;
 - сөйлеу әуені, қарқыны, дауыс күші мен кідірісті сақтау;
 - екпіннің түсуін, үндестік заңын сақтау;
 - дұрыс айтып, сөздердің тізбегін табиғи заңдылықтарымен дыбыстау;
 - сөйлегенде сөз тұлғаларын, түрленуін сақтау, қосымша, көмекші сөздерді дұрыс, өз орнында қолдану;
 - сөздерді өз мағынасына қарай қолдану, мағыналарын анық біліп отыру;
 - сөйлемдерді, әсіресе, күрделі ойды білдіретін құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрастыру;
 - керекті сөзді сөздік құрамның ішінен іріктеп, әдеби вариантын қолдану, ретсіз енген, баламасы бар кірме сөздерді, жергілікті тілге тән диалектілерді, жаргон сөздерді тұс-тұстан қолданудан қашық болып, реттеп отыру;
 - сөйлеу әдебінің сақталуы;
 - сөйлеуде тілдің өз заңдылықтарына қатысты халықтың ұлттық ерекшеліктерін сақтау керек.

Бұдан байқайтынымыз, тіл мәдениетінің шыңына жету жолы ұзақ әрі қиын екендігі.

Тіліміздегі сөздер – алтын қорымыз. Ізімізді басып келе жатқан ұрпаққа қалдыратын ең асыл мұрамыз – тіл және тіл тазалығы. Осы күнгі жастарымыздың сөзіне қарап, еріксіз

бас шайқап, қынжыласың. Әрине, бұл аяқ астынан пайда бола кеткен дерт емес, отбасыда ата-анадан, жеңіл мінезді жолдастардан жұққан, күннен-күнге, жылдан-жылға белең алып келген дағды. Үлкендердің, ағартушы ұстаздарымыздың өзі сөзінен сүрініп тұрса, оны тыңдаған балауса жастың көрген-ұққанын өз ортасында айнытпай қайталайтындығы шындық. Сол үшін де, сөйлей білу, сөйлеу әдебін сақтай білудің рөлі зор. Адамның сөйлеу тілінің адам өміріндегі маңызын,

жөнімен сөйлей білудің қажет екенін, сөздің құдіретін мойындаудан туған жауапкершілік. Ал осы үлкен жауапкершілікті арқалаушы – ұстаздар қауымы. Отбасынан бастау алып, балалар бақшасынан негізі қаланып келген, жас жеткіншектің тіл дағдысы мектепте ана тілінің жүйелі оқытуы, тіл дамыту мен сауатты жазу жұмыстары арқылы қалыптасатын процесс. Оқушының мұғалімдерден алатын тіл сабақтары отбасы мен айналаның «тіл сабақтарымен» ұштасып жатуы керек.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Жапбаров А. Қазақ тілі стилистикасын оқыту негіздері. – Алматы: «Қазақ университеті», – 1991. – 156 б.

2 Нуриев М.А. «Оқытушыларды даярлау – бүгінгі күннің өзекті мәселесі» //«Ұлттық тәрбие». – 2011. – №1.

3 С.Ж.Пірәлиев, М.А.Нуриев, Ж.А.Сейсенбаева, А.Е.Садыкова, Ж.Ш.Саметова. Интеллектуалды ұлт қалыптастырудағы тіл мен әдебиет. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: «Ұлағат» баспасы, – 2014. – 188 б.



«Таппасаң сөздің жүйесін, отына өзің күйесің»

Бауыржан Момышұлы.

ӘОЖ 37.018.1

Ж.А. Сейсенбаева

Абай атындағы ҚазҰПУ,

Филологиялық пәндерді оқыту әдістемесі кафедрасы, ф.ғ.к.,

Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері

ҰЛЫҚТЫ ҰЛ, ҚЫЛЫҚТЫ ҚЫЗ ТӘРБИЕЛЕГІҢІЗ КЕЛСЕ НЕМЕСЕ БҮГІНГІ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ҚАЖЕТТІ КЕҢЕСТЕР

Бүгінгі ата-ана баланың материалдық жағын қамтамасыз ету жағына ерекше көңіл бөліп, баланың тәрбиесіне дұрыс деңгейде көңіл бөлмей жатады. Мақалада баланы дұрыс тәрбиелеу туралы ой қозғалады. Бала тәрбиесі жай қарайтын үрдіс емес. Бүгінгі бала мінезінің бұзылып, жаман жолға түсіп кетуі де көңіл бөлмеудің салдарынан болып жатады. Бұл мақалада бала психологиясы қарастырылады. Бүгінгі ата-аналарға өмір бойы ізденетін қоғамға қажетті тұлға қалыптастырудың жолдары айтылады.

Түйін сөздер: *ата-ана, бала тәрбиесі, психолог, қоғам, мектеп, ер бала, қыз бала, құндылық.*

Сегодняшние родители озабочены, где заработать, как успеть все сделать во время и т.д. а их дети предоставлены сами себе. Воспитание детей в семье – дело не такое уж и простое. Идеальными родителями стать сложно, а порой кажется даже невозможным. И в данной статье предложены советы, которые помогут вам наладить взаимоотношения с вашим ребенком. А также в статье рассмотрены возрастные и индивидуальные особенности детей.

Ключевые слова: *родители, воспитание детей, психолог, общество, школа, ценности, возраст.*

Today's parents are anxious where to earn how to manage to make everything in time, etc. and their children are provided to themselves. Education of children in a family – business not it and simple. Ideal parents to become difficult, and at times it seems even impossible. And in this article offered advice which will help you to adjust relationship with your child. And also in article age and specific features of children are considered.

Keywords: *parents, education of children, psychologist, society, school, values, age.*

Бүгінгі қоғам бала тәрбиесіне өте жіті қадағалап, ерекше көңіл бөлуді талап етуде. Себебі, өмірдің бар қажеттілігін қамтамасыз ету үшін күні-түні демей жұмыс жасап, ақша табу сынды күнделікті күйбің тіршілік процесіне еніп кеткеніміз сонша, бала тәрбиесіне мектеп жауапты сияқты сезініп алғандаймыз. Ал, мектеп – білім беру орда-сы. Бала негізгі тәрбиенің қаймағын үйден, отбасы-ошақ қасынан алуы міндет екендігін ұмытқандаймыз. Өзім төрт баланың анасы болып, мектеп қабырғасымен тікелей етене байланыста болғандықтан, бүгінгі ұстаздардың білім беруімен қатар, бала тәрбиесіне де жауапты болып тұратын сәттерін жиі кездес-

тіремін. Сол сәттерде неге мұғалім біреудің баласының тәртібіне жауапты болуы керек деп ойлана бастадым. Сонда ата-ана үйден еш өнеге бермей баланы мектепке жіберіп, тек материалдық жағдайға тәуелді болуы керек. Ал, бұл мұғалімдердің де отбасы – ошақ қасы бар. Мектепке жүкті артып қоймай бала тәрбиесіне ата-ана ерекше көңіл бөлуі тиіс. Мектеп пен отбасы тәрбиесі бір-бірімен тығыз байланыста болып, білім мен тәрбиенің негізгі тығыз байланыста бала тұлғасын қалыптастыруға ұштастырылуы тиіс. Ендеше, ата-ана, мектеп, бала арасындағы үштұғырлы байланыстың бүгінгі қоғамға өте қажет екені айқын.

Бүгін мақаламда осы уақытқа дейін жазып жүрген білім мен ғылымның ерекшелігі мен нақтылығына тоқталмай, ана ретінде бала тәрбиесіне өмірден түйген білгенімнен ой түймекпін.

Бала тәрбиесінде ата-ана ескеретін ерекше жайт – бала кемшілігі мен қиындығына бейжай қарамау. Тіпті нашар баға алып келуі немесе, достарымен ренжісіп қалуы сынды қарапайым жайттарға баланың ой-пікіріне құлақ асып, көңілін көтеруге тырысыңыз. Себебі, балалардың осындай қарапайымнан басталатын өмірлік мәселелерден кейін өзіне кіріп, депрессияға ұшырап кетуі жиі кездеседі. Себебі, өмірлік қиындықтардың уақытша екендігін әркім өзінің шама-шарқынша ұғынады. Үлкендер үлкенше, балалар балаша. Сіз – балаңыздың болашақ өміріне жол салып, жол көрсетушісіз. Бүгінде қоғамда қиындыққа шыдамай депрессия деп, салынып кетіп жататындар жиі кездеседі. Әркім ол депрессиядан шығатын жолды әрқилы іздейді. Біреулер психологтың көмегіне жүгінеді, әлсіздер араққа салынып кетеді, енді біреулер өмірімен қош айтысып да жатады. Бұл әрекеттер әлсіздіктің белгісі. Психологқа барғанға қарсы емеспін, әрине. Ол дұрыс процесс те шығар. Өзім де ол мамандардың көмегіне жүгінген кездерім болған. Бірақ, түбінде адам өзімен өзі күресіп, сол қиындықтан жолын өзі таппаса, оған ешкім де сол жолды көрсетпесі анық. Ол үшін: біріншіден, қиындықтың уақытша екендігін ұғыныңыз. Солай қабылдаңыз. Екіншіден, мүмкін болса шығатын жолын өз шамаңызға қарай іздеп көріңіз. Ол ата-анаңыз болуы мүмкін, балаңыз, достарыңыз болуы мүмкін. Қоғам тек жамандықтан тұрмайтының түсініңіз. Тіпті болмаса, таза ауаға шығып серпіліп, демалатын сергу орындарына барыңыз. Өзіңізді оңаша жей бермеңіз. Жамандыққа баулитын сайттарға мүлдем кірмеңіз. Жаныңызды түсінбейтін, сізді тыңдамайтын адамдарға ондай сәтте мүлдем тіс жармаңыз. Дүние атаулы қиындықпен жанды жадыратар сәттерден тұрады. Ақпен қараны АЛЛА сол үшін жаратқан. Түрлі түстерді сол өмірге әр түрлі реңк беру үшін жаратқан. Сіз дүниенің ағын сезінгенде қат-

ты мақтанбай, қараны түнермей қарсы ала біліңіз. Ал, әр түрлі реңктерді неге өміріңізді гүлдендіру үшін пайдаланбасқа? Осыны үйде әртүрлі жолдармен балаға ұғындыра білсек, жан-жақты көзқараспен дамыған, өмірлік көзқарасы қалыптасқан өзіндік мені бар тұлға тәрбиелейміз.

Бала тәрбиесі күнделікті дамуды қажет ететін процесс. Бір күнде ғана баланың тәрбиесіне кірісіп, бір күнде ғана жөнге салам деу қате пікір. Күнделікті балаңыздың нендей іспен айналысқаны, теледидардан, ғаламтордан не көрді, кіммен сөйлесті, бүгінгі күн несімен есте қалды деген сұрақтармен сөйлесіңіз. Балаңыздың күнделікті ой-пікірін біліп отыру – тәрбиенің ең дұрыс жолы. Баланың өз пікірі бар. Оның дұрыс тұлға болып қалыптасуында сол пікірдің кейін оң бағытқа жетелеріне ата-ана тікелей жауапты.

Баланы дүниеге әкелген ата-ана оның өміріне тікелей жауапты. Баланың дұрыс өсуі, қоғамға қажетті тұлға болып қалыптасуына ата-анасы ғана жол сілтей алады. Тек білім беріп қана адам болады деу – қате. Ол ең алдымен отбасын қадірлейтін, достарын сыйлайтын, халқының құндылығын ұғына алатын адам болуы қажет. Осы қасиеттерді ұғына білген баладан білімді азамат шығады. Сонда ғана қоғамға пайдасы бар тұлға шығады.

Дүниенің бар құндылығы сенімділікке негізделеді. Сенімділік болған жерде ғана махаббат мен сүйіспеншілік туралы әңгіме қозғауға болады. Әйел күйеуіне, күйеуі әйеліне, әке-шеше балаға, бала әке-шешесіне сенуі керек. Бір-бірін алдамайтын үйдің шырағы жарық болады. Сол үшін балаға сенімділік сезімін қалыптастыру үшін ешқашан алдамаңыз. Айтқан уәденізді орындаңыз. Немесе шамаңыз келмеген нәрсеге уәде бермеңіз. Сенімділікпен өскен бала болашақта ешкімнің сенімінен айрылмауға дағдылынып адал тұлға болып шығады. Осыны естен шығармаңыз.

Кез келген ата-ана баласына өзінің қабілетіне қарай жол көрсетіп, сол қабілеттің дамуына септігін тигізетін тұлға. Ал, қабілеті емес, менің айтқанымдай болуы керек деп түсіну қате шешім. Себебі, ол сіздің балаңыз

болғанымен, өмірден өз жолын таба білетін тұлға болып дамуы тиіс. Өзі қызығып, ізденген кезде ғана бала еңбекке қызығып, жұмыс жасауға деген қызығушылығы артатын болады. Сонда ғана ол баладан өмірге қажетті тұлға шығады. Осыны естен шығармағанымыз абзал. Адамның өз көзқарасы қалыптасуы балалық шағынан басталатынын ұмытпаңыз.

Баланың талғамы дұрыс қалыптасқан адам болып шыққанын қаласаңыз, баламен дүкенге киім алуға ертіп баруды дағдыға айналдырыңыз. Кішкентай кезінен қандай түсті ұнатады, қандай моданы жақсы көреді. Байқаңыз. Баланың пікірімен санасыңыз. Сол кезде баланың өзіндік таңдау-талғамы дамиды. Өзі өскен соң таңдап үлгереді деу қате пікір. Баланың күнде дамып жатқанын ескеріңіз. Бүгін киім таңдап үйренген бала ертеңгі күні өмір жолын да дұрыс таңдай біледі.

Бүгінгі мектеп бағдарламасы қиын екені рас. Бірақ сабақ қиын болғанымен, ол баланың қабылдау деңгейіне сай бағдарлама негізінде жасалғандықтан, үй тапсырмасын өзі орындауға дағдылансын. Баламен бірге отырып, сабақ орындау қате. Бала өзін-өзі басқарып, сабаққа өзі қызығып үйренуі үшін, өзінше отырып, үй жұмысын жасауға қалыптастырыңыз. Ол үнемі бала болып қала бермейді. Ол үнемі анасы мен әкесінің қадағалауында болмайды. Ол, өзі дайындалып, өз ісіне жауап беріп үйренуі керек. Өзіне сабақ оқудың қажет екендігін ұғынып, өзіне қажеттіні ұғына білуі керек.

Дүниенің құндылығын байлықпен бағалау – барып тұрған ақымақтылық. Байлықтың өзі бағалай білгенге қонады. Бағалай алмағаннан безіп кетеді. Барымызды бағалауды балаларға ғана үйретпей, өзіміз де ұғына білейік. Адамды сыйлау, құрметтеу, сезімін сыйлаудың түп қияны сөзді дұрыстап тыңдау мен ұғына білуден тұрады. Құндылықтың мәні осында.

Баланың тұлға болып дамуы оның балалық шағына тікелей байланысты. Оған қатты әсер ететін фактор – үйдегі ата мен ананың қарым-қатынасы мен теледидар, ғаламтор, және қасындағы достары. Сол үшін әке мен шеше өз баласы алдындағы іс-әрекетін жіті қадағалап, өз өздерін тәрбиелеулері тиіс (бала көзін-

ше ұрыспау, жаман сөйлемей, біреуді жамандамау т.с.с.). Теледидардан не көріп жүр, ғаламторға қай сайтқа кірді, қасындағы достары кімдер? Бұл жіті қадағалауды қажет етеді және бұлардың бәрі баланы бүгінде тәрбиелейтін қоғамдағы жайттар. Аса көңіл бөліңіз.

Отбасы тәрбиесінде қыз бала мен ер баланың тәрбиесі өзіндік орнымен жүзеге асуы керек. Қыз баланы болашақ ана екенін, ұл баланың отбасы тірегі болары сол балалық шақтан қалыптасады. Бүгінгі қоғамдағы қыз баланың рөлі жоғарылап, қызмет пен дүние табу, мансап сынды өмірлік қағидаттарға бой алдырып, отбасындағы ошақ иесі екендігіне аса көңіл бөлмеуі сынды біздің қазақ тәрбиесіне жат қылықтар орын алуы көңіл алаңдатады. Мен қыз баланың қоғамда өз орнын тауып мансапқа ие болуына қарсы емеспін. Бірақ, егер ол қыз бала отбасын құрып, жұмыс пен қызметті қатар ала біліп, жолдасы талабына сай келетін әйел адам бола білсе. Кез келген қыз тәрбиесіне осындай жайттарды ұғындырып отырғанымыз дұрыс деп есептеймін. Себебі, әйелі мансапты болып, ер азаматын кемсітіп отырған отбасының түтіні дұрыс шығады деп ойламаймын.

Қыз тәрбиесі – ең нәзік тәрбие десек, қателеспейміз. Қыз тәрбиесі нәзіктік пен қатаңдықты қатар алып жүретін процесс. Себебі қоғамда бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тәрбиелей білетін әйелдер дұрыс тәрбиеленген қыздардың жетілген образы. Ұлтты тәрбиелеп, қоғамның дұрыс формасын жасауға тікелей жауапты қыздар ғана...

Қыз бала тәрбиесінде бүгінде көптеген аналар қыз баланы үй тіршілігіне дұрыс бағыт бермей, тек білім алсын деп оқуға ғана көңіл бөлгізуге ден қоюда. Қыз бала қырық жанды. Сол себепті кез-келген қыз бала сабағын жақсы оқып қана қоймай, үй тіршілігінде бес аспап бола білу керек. Ол – болашақ келін, болашақ жар, болашақ ана. Үйі бықсып жатқан әйелдің жұмыстағы тірлігінің керемет болуы мүмкін емес. Қыз бала бүгінде ақша тауып, қаржылай қамтамасыз етілген тұлға болуы мүмкін. Бірақ, ол өзінің қыз бала болып өмірге келген функциясын терең меңгеруі шарт. Үй тіршілігінде тазалық пен аспаздық – оның үй

тәрбиесіндегі көрген білгені. Ал, басқа жақтары қосымша функция ретінде қабылданғаны абзал. Егер, бәрін алып жүре алса, құба-құп. Әйелдің қырық шырақты екенін ұмытпайық.

Қыз тәрбиесінде ананың ролі жоғары. Ал, әке қыздың маңдайынан сүйіп, мейірленіп отыруы қажет. Әке айтқысы келген тәрбиесін анасы арқылы жеткізіп отыруы керек. Тәрбие процесінде бұл өте тереңдікті қажет етеді. Қыз тәрбиесіне тікелей жауапты тұлға – АНА. Анасы қызының досы болуы керек. Қызы әрқашан анасының өзінің ең жанашыр досы екенін ұғынса, бар сырын айтып отырады анық. Ал, әкенің айқайын, таяғын көрген қыз жасқаншақ болары анық. Қыздарды орнымен еркелетіп, нәзік мәпелеп, жан-жақтылыққа баули білген отбасыдан ақылды қыз шығары сөзсіз.

Ал, ер жігіт тәрбиесіне келер болсақ, отбасының тірегін тәрбиелеу бала кезден қалыптасады. Еркек деген атқа лайықты екенін тән жаратылысының емес, жан жаратылысының ұғым-түсінігінен, іс-әрекетінен көрсету керек. Ер азамат болып шығу – үй тәрбиесіне тікелей байланысты дер едім. Үйде тек анасының айналайыны мен ана тәрбиесіне ғана қаныққан ұл баладан нағыз еркек шығады деу қате. Ер жігіт болып қалыптасуда әкенің қаталдығы мен әкенің тіршілікке баули білуі ерекше роль атқарады. Әкенің ролі үй тәрбиесінде өте жоғары тұруы қажет. Ол – үйдің отағасы. Яғни үйдің президенті. Оның айтқаны заң. Бұлжытпай орындалуы керек. Сондай заңды-

лық қалыптасқан үйдің ұлы да қызы да жаман болмайды.

Ер бала тәрбиесіне тек әкелер жауапты деген қате пікір. Қазақ тәрбиесінде әке жол көрсетуші. Ер баланың қалыптасу бағдарында аналардың ролі жоғары. Абайды, Шоқанды тәрбиелеген аналардың айналайыны мен әкелердің қаталдығы екені тарихтан аян. Ендеше, ұл баланың қайраттылығына, батылдығына, еңбекке жақын болуына әке әсер етсе, оның айналасына мейірімді, сүйіспеншіл тұлға болуына ана жауапты. Бала тәрбиесінде әке ұлына қатты айқайлап немесе, еңбекке баулуда зекіп, үйретіп жатқанда ешқашан ана кірікпеуі керек. Ішінен ұнатпай тұрса да. Айтқысы келгенді оңашада ұғындырып алған жөн. Әйелі күйеуін піріндей сыйлап тұрған үйдің балалары әкелерін ерекше тыңдап, сыйлап өседі. Әйелі күйеуінің бетінен алып, төсіне шауып тұрса, ол үйде әке абыройы болмайды. Әке абыройы болмаған отбасынан жасық ер азаматтар шығады деп ойлаймын.

Қазақтың «әкенің малы балаға мал болмайды» дегенін енді терең ұғынғандаймын. Әкенің қалдырып кеткен мұрасын игеріп алып кету кез келген баланың қолынан келе бермейді. Оның өзі тәрбие мен ақылға негізделетін құндылық. Сол жиған-тергеннің мәнін ұғындырып, қасынан қалдырмай түсіндіріп, сол еңбектің нанын табуды ұғынған бала әке мұрасын алып кетуі мүмкін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш // Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. – 1 т. – 188-226 бб.

2 Нуриев М.А., Сейсенбаева Ж.А., «Мәңгілік ел тұғыры – ұлттық тәрбие мен қазақ тілінің дамуы негізінде» //«Ұлттық тәрбие», – №1(33) 2016ж.

3 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, – 2011 ж. – 158 б.

Ж.Ж. Жанденеева

Арнайы санаторлық үлгідегі №15 мектеп-интернатының
бастауыш сынып мұғалімі, Алматы қаласы

ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ БАҒДАРЫНДА БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІК

Бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті «Үш тұғырлы тіл саясаты» мәселесі сөз болып, оның маңызы мен мазмұны, артықшылығы, туған тіліміздің осы саясаттағы орны мен мәртебесі баяндалған. Мақалада «Үш тұғырлы тіл» жайлы Елбасы және ел азаматтарының пікірлері берілген. Білім беру бағдарындағы үш тұғырлы тіл саясатының білім алушылардың әлемдік кеңістікте өздерін еркін ұстап, дамыған маман болуға пайдасы бар саясат екендігіне ғылыми сипат берілген.

Түйін сөздер: *тіл, халық, үш тұғырлы тіл саясаты, Елбасы, саясат, жаһандану, шетел, білім, мектеп.*

В данной статье рассказывается об актуальной сейчас теме «Триединой языковой политике», о её значении, содержании и преимуществах. Приведены мнения Президента и граждан нашей страны об этой политике. Триазычное образование предполагает, что обучение иностранному языку, в частности английскому, является важнейшим фактором, определяющим доступ к информации на языке международного общения и компьютерных технологий, выход наших специалистов на широкий международный уровень, способствующим более успешной интеграции казахстанской экономики в мировую.

Ключевые слова: *язык, народ, политика, школа, образование, интеграция, президент.*

This article describes the current is now on «the Triune language policy» of its meaning, content and benefits. Presents the views of the President and the citizens of our country about this policy. Designed in three languages education suggests that learning a foreign language, especially English, is the most important determinant of access to information in the language of international communication and computer technology, the output of our specialists on a broad international level, contributing to a more successful integration of Kazakhstan into the world economy.

Keywords: *language, people, politics, school, education, integration, President.*

«Тіл – ақылдың өлшемі, ұлттың жаны» деп, тілдің маңызын ерекше бағалаған дана халқымыз. Яғни, елдің елдігін де, бірлігін де айқындайтын сол ұлттың тілі мен ділі, ұлттық құндылықтары мен ұлттық қасиеті. Ал, бүгінгі күнде жан-жақты көзқарас қалыптастырған үш тұғырлы тіл мәселесі.

Үш тұғырлы тіл өмірлік қажеттіліктен туындаған идея. Қай заманда болсын, бірнеше тілді меңгерген мемлекеттер мен халықтар өзінің қабілеттерін жан-жақты кеңейтіп отырған. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл – елдің бәсекеге қабілетті болуға ұмтылудағы бірінші баспалдағы.

Өйткені, бірнеше тілде еркін сөйлей де, жаза да білетін азамат өз елінде де, шетелде де бәсекеге қабілетті тұлғаға айналады.

Мемлекет басшысы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» жолдауында: Қазақстан халқы бүкіл әлемде үш тілді пайдаланатын жоғары білімді ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлт аралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі», – деп атап көрсеткен болатын.

«Үштұғырлы тіл» туралы идеяны мемлекет басшысы 2006 жылдың қазанында өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XII

құрылтайында жария етті. Ал 2007 жылғы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты халыққа жолдауында «Тілдердің үштұғырлылығы» атты мәдени жобаны кезең-кезеңімен іске асыруды ұсынды.

«Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі соныменен бірдейлік дағдысына кіреді» деп ұлы ақын Абай атамыз айтпақшы, расында қаншалықты көп тіл білсең, соғұрлым таңым көкжиегің де кеңейе түседі.

2015 жылы 23 сәуірде өткен Қазақстан халқы ассамблеясының XXII сессиясында сөйлеген сөзінде Елбасымыз «үш тұғырлы тіл» саясатының маңыздылығына былайша тоқталып өткен:

«Біздің елімізде осы күндері «үш тұғырлы тіл саясаты» туралы атқарылып жатқан жұмыстарды біреу-міреу ойдан шығарып ала салған жоқ. Бұл заман талабы болып отыр. Біз мейлінше, заман ағымына сай, озық технологиялардың тілін жетік меңгеруге бейім болуымыз керек. Қарапайым ғана мысал келтірейін: 2014 жылы әлем бойынша 500 мың кітап ағылшын тілінде жарық көрді. Ал осының ішінде қазақ тілінде шыққан кітаптар 2 мыңды ғана құрайды. Салыстырып, таразылап көрейік. Сол сияқты, оның ішінде ғылым-білім мен технология, медицина салаларында 30 мың материал жарық көрген болса, қазақ тілінде 200 ғана мақалалар топтамасы тасқа басылған. Ал енді осыншама дүниелерді игеруіміз үшін біз қашанғы аударып алып отырамыз. Тікелей түпнұскадан оқып, біліп, қайта жарық көріп жатқан жаңашылдықтарды игеруіміз үшін, қазірдің өзінде балаларымызды ағылшын тілін үйренуіне жағдай жасағанымыз абзал», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы [1].

Айта кетейік, Мемлекет басшысы келтірген деректерге сүйенсек, бүгінгі таңда Қазақстанда тұратын азаматтардың 20 пайызы ағылшын тілінде еркін пікір алмасып, жазу қабілетіне иелік етеді.

«Үш тұғырлы тіл» мәселесі сөз болғанда ең алдымен ойымызға келетін сұрақ: Үш тұғырлы тілдің тағдыры деп жүріп өз тіліміз тұғырынан тайып қалмай ма? Тіл білген әри-

не жақсы, бірақ қазақ тілі сол өзге тілдердің тасасында қалып қалмауы басты мәселе.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деген ескерту айтқан болатын. Дегенмен, «Үш тұғырлы тілдің» мәні, маңызы, халық пен болашақ ұрпаққа беретін пайдасы мен зияны төңірегінде әлі де көпшілік арасында шешуі табылмаған сұрақтар көп.

Тіл – ұлттың ең басты белгісі, ең басты құндылығы. Солай бола тұра, ол өзгеріске де ең бейім келетін құбылыстардың бірі. Соңғы жылдардағы зерттеулер әлемдегі тілдер санын 6000-ның айналасында деп көрсеткенмен, оның 1000-ға жуығында сөйлейтіндердің саны саусақпен санарлық екенін, жыл сайын 25, әрбір онжылдықта 250 ұлттық тілдің ізім-ғайым жоқ болып кетіп жатқаны жөнінде деректерді алға тартады. Осындай деректерге сүйенсек, онда туған тілдің тұғыры мен ғұмыры жайлы ойлану дұрыс-ақ.

Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан-2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты халыққа жолдауында «Біз ел иесі ретінде биік бола білсек, өзгелерге сыйлы боламыз» дей келе: «Қазақ тілі – біздің рухани негізіміз. Біздің міндетіміз – оны барлық салада белсенді пайдалана отырып дамыту. Біз ұрпақтарымызға бабаларымыздың сандаған буынының тәжірибесінен өтіп, біздің де үйлесімді үлесімізбен толыға түсетін қазіргі тілді мұраға қалдыруға тиіспіз. Бұл – өзін қадірлейтін әрбір адам дербес шешуге тиіс міндет. Мемлекет өз тарапынан мемлекеттік тілдің позициясын нығайту үшін көп жұмыс атқарып келеді. Қазақ тілін кеңінен қолдану жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды жалғастыру керек. Тіл туралы жауапкершілігі жоғары саясат біздің қоғамымызды одан әрі ұйыстыра түсетін басты фактор болуға тиіс. Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Кез келген тіл өзге тілмен қарым-қа-

тынасқа түскенде ғана өсіп, өркен жаятынын әрдайым есте сақтаған жөн. Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн» [2], - деп, мемлекетіміздің мемлекеттік тілі болып отырған қазақ тілін, яғни мемлекеттік тілді ең бірінші орынға қойып дамыта беретінін, оның болашағы үшін алаңдамау керек екенін баса айтады. Президентіміздің бұл айтқандарына назар салатын болсақ, расында, мемлекеттік тіл – қазақ тілі үш тілдің бірі болып қалмайды, ағылшын және орыс тілін өзінің көлеңкесінде ұстап, ығына ығыстырып, үш тұғырдың ең үстінде тұрады.

«Үш тұғырлы тіл» саясаты мемлекеттік тілді өшіруді емес, өсіруді, дамытуды көздейді деп сенеміз. Осы орайда, Қазақстанның Еңбек Ері, үлгілі ұстаз Аягүл Миразованың мына пікірі де ұтымды: «Еліміз өз дамуында уақыт екпінін, әлемдік даму ырғағын сергек сезіп, жаңа жолдар іздестіруімен ерекшеленіп, дүние көшінің сапында танылып келеді. Бүгінгі адамзат тарихы интеграциялану әлемінде өмір сүруде. Сондықтан өз басым бұл турасында түрліше пікірлердің ұшырасып жатқанын кереғарлық деп емес, мемлекеттік саясатты дұрыс жүзеге асырудағы жанаһыр ізденістер деп білемін. Қоғамымыздың оң ізденістерге ашық болғанына тәубе деймін. Осы қоғам, бүкіл қауым болып ізденген әрекеттер оң бағытымыздың ілгерілей түсуіне сеп екеніне сенімдімін. Үш тұғырлы тіл мәселесіне қазіргі таңда еліміздің әрбір азаматының бей-жай қарай алмайтыны сөзсіз. Өйткені бұл ұрпағымыздың болашағы. Ата-ананы да, ұстаздарды да толғантатыны – ұтамыз ба, ұтыламыз ба деген ой» [3].

Ұстаз ретінде пікірім үш тілді меңгеру керек-ақ, бірақ оны қандай әдіс-тәсілдермен және қандай жолмен білдіруіміз қажет? Міне, осы алаңдатады.

Мектептерімізде көп тілділік қалыптасқан дәстүр. Осы дәстүрімізді қиратпай, жетілдіре түссек, нұр үстіне нұр. Дәлірек айтар болсақ: жаратылыстану, математика және техникалық пәндерді барлық мектептерімізде жаппай және біржола ағылшын тілінде оқытуға бірден көше салуға қарағанда, өзімізде бар дәстүрді пайдалану қай жағынан да тиімді деп ойлаймын.

Ал қазақ тілін, орыс тілін, ағылшын тілін білгізуге екі жол бар деп білемін:

Біріншісі – оқу жоспарында көрсетілген вариативтік сағаттарды пайдаланып, жалпы орта мектептерде қазақ, орыс, ағылшын тілін оқытуға апталық сағаттарды арттыруға болады.

Екіншісі – сонымен қатар қазіргі көш басындағы Назарбаев зияткерлік, «Дарын» желісіндегі мектептерді көбейтсе, соларда қабілет-мүмкіндіктері бар балаларды жаңаша оқытуға болар еді деп есептеймін. Өйткені оларда тиісті материалдық-техникалық оқу базасымен жабдықтандыру да, керекті лайықты кадрлармен қамтамасыз ету мүмкіндігі де ойға қонарлық.

Қоғамдағы даму гармониясы – келісім, жарасымнан. Әлемдік интеграциялану да осы заңдылыққа негізделмек. Сондықтан, өзімізде бұрыннан бар жарасымды тәжірибені келісімді қолдансақ деймін.

Бұның нәтижесінде мектеп бітіргенде, оқушының бойында шетел ағылшын тілінің жалпы базалық негіздері қалыптасып үлгеретін болады. Ондай оқушының одан әрі де өз қалауы мен мүмкіндігіне қарай қажет болған жағдайларда ағылшын тілінің ғылыми-техникалық, жаратылыстану салаларын меңгеруі айтарлықтай тілдік қиындықтарға ұшырмайды. Бұл – мектепте қоғамдық ғылымдар негіздерін де меңгеруге, соның ішінде мемлекеттік қазақ тіліне де нұқсан келтірмейтіні анық. Яғни, тұлғаның жан-жақты қалыптасу ұстанымы сақталынады деген ойдамын.

Қорыта айтқанда, «Үш тұғырлы тіл» саясаты қоғамның зәрулігінен туындап отырған жайт. Білім мен ғылымның, экономиканың, саясат пен бизнестің, жалпы айтқанда бә-

секенің дамыған жаһандану заманында үш тілді білгеніміз дұрыс-ақ. Бірақ әрқашан жадымызда – өзге тілдің бәрін білсек те, өз ана тілімізді құрметтеп, бірінші орынға қою

керек екеніміз жаңғырып тұрса екен. Жаһандану жолында туған тіліміздің құрбан болып кетпеуі, тұғырының биік болуы басты мақсатымыз бен міндетіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы: Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: Білім, – 2001, – 96 б.

2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол», – 2014 жыл, 11 қараша.

3 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандар беттері. – Алматы: Білім, – 1995, – 288 б.

4 Сейсенбаева Ж.А. Ұлттық тәрбиенің ғылыми негізі: Оқу құралы. Алматы, Абай атындағы ҚазҰПУ, – 2011 ж. – 158 б.



«Адамның адамдық, ұлттың ұлттық ең жоғарғы қасиеті –
тіл өткірлігі мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!»

Ғабиден Мұстафин.

ӘОЖ 37.036.5

Ж.Т. Утеулиев

*М.Өтемісов атындағы орта мектебінің тарих-құқықтану пәні мұғалімі
Атырау қаласы*

ТҰЛҒАНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІН ДАМУҒА ҮШІН ТҮРЛІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Берілген мақала тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту мәселесіне арналады. Түрлі әдіс-тәсілдер қолдану жолдары ұсынылады. Білім берушінің білім алушыны тұлға етіп қалыптастыруындағы өзекті мәселелер қозғалады. Педагогикалық тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыстың тұлғаның шығармашылық қырын ашудағы қызметі сөз етіледі.

Түйін сөздер: *тұлға, тұлғаның дамуы, тұлғаның қалыптасуы, тұлға шығармашылығы, шығармашылық, шығармашылық мүмкіндіктер.*

Данная статья посвящена проблемам развития творческих возможностей личности. Рекомендуются различные пути методов и подходов в становлении личности. Рассказывается об актуальной роли педагога в формировании ученика как личность. Рассматривается правильно организованная самостоятельная работа, с педагогической точки зрения, как особый путь в творческой развитии личности.

Ключевые слова: *личность, развитие личности, становление личности, творчество личности, творчество, творческие возможности.*

This article is devoted to problems of development of creative abilities of the individual. Recommended various ways of methods and approaches in the development of personality. The book is about the actual role of the teacher in the formation of the student as a person. It considers properly organized independent work, from a pedagogical point of view, as a special way to the creative development of the personality.

Keywords: *personality, personal development, formation of the person, creative personality, creation, creative possibilities.*

Қай заманда, қандай қоғамда болсын, алдымызда тұрған зор міндеттердің бірі – болашақ ұрпақты тәрбиелеу. Жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мен мәдениеті мол, саналы ұрпақ тәрбиелеуде әр халықтың салт-дәстүрін, ел дамуындағы бағалы байлықтың нәрін біртіндеп сіңіру арқылы ғана жүзеге асыруға болады. Басқа халықтар сияқты қазақ елінің де ұрпақ тәрбиелеуде мол тәжірибесі, жиған-тергені, озық ойлары мен өзіндік ерекшеліктері бар. Осындай мол мұраның «дәнегін мәпелеп екпейінше» жастарды ізгілік пен парасаттылыққа тәрбиелеу мүмкін емес [1]. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінде қазақстандықтардың алдында үлкен міндеттер тұр, ол – қоғам сұраныстарына ілесе алатын бәсекеге қабілетті, алдыңғы

қатарлы елдермен теңесе алатын ұрпақ тәрбиелеу [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «білім беру жүйесінің негізгі міндеті – баланың рухани және тәндік мүмкіндігін дамыту, оны оқыту, тәрбиелеу мен шығармашылық әлеуетінің дамуына жағдай жасау».

Ендеше қазіргі қоғам өзгерістеріне байланысты бүгінгі таңда әрбір оқушыға жеке адам ретінде, өзіне тән ой-өрісі, еркі, батыл пікір айта алатын тұлға екенін ескере отырып тәрбиелеу міндеті қойылып отыр. Демек, жалпы білім беретін мектептердегі оқу үрдісі оқушылардың ізденімпаздығын, танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық дербестігін дамытуға жол ашуы

қажеттігін міндеттейді. А.Байтұрсынов: «Бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек. Мұғалім балаға жұмысты әліне қарай шағындап беру мен бетін белгіленген мақсатқа қарай түзетіп отыруы керек» – деп кеңес берсе, ал А.Әбілқасымова: «Танымдық ізденімпаздық – жеке тұлғаның сан қырлы білім алуы, бұл білім алу танымдық әрекетке сезім, таным мен ерік үрдісінің нәтижесі болып табылатын өзін-өзі икемдеу көрінісімен; танымдық мотив пен ізденімпаздық мінез-құлық тәсілдерінің синтезімен; оқушының мінез-құлқындағы танымға деген тұрақты көзқараспен сипатталады», – дейді [3]. Әр жеке тұлғаны тану және оны дамыту үшін мұғалім, ең алдымен, өз мүмкіндіктерін саралап, үнемі ізденіс үстінде жүруі тиіс. Бүгінгі күні түрлі ақпараттар тасқыны ғаламтор, теледидар, қоршаған орта арқылы мөлшерден тыс құйылып жатқан заманда мұғалімнің оқушыдан кем түспеуге ұмтылатын тұстары көп-ақ. Өйткені қазіргі әр оқушының тұлғасы жеке зерттеуді қажет ететін ғылым іспеттес [4]. Әсіресе қоғамның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Еліміз оқытудың «Нәтижеге бағытталған білім беру» моделіне көшті. Нәтижеге бағытталған білім беру дегеніміз – жеке тұлғаның құзырлығын қалыптастыру. Білім берудің басты мақсаты – білімге, білік пен дағдыға қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде лайықты ақпаратты өзі табуы, талдау және оны пайдалану, сөйтіп қарқынды дамып жатқан заманға лайық өмір сүру болып табылады. 12 жылдық білім мазмұнының негізгі өзегі – қарқынды дамып келе жатқан өзгермелі қоғамда өмір сүруге икемді, жеке басының, сондай-ақ, қоғам пайдасына қарай өзін-өзі толық жүзеге асыруға дайын білімді, шығармашылыққа бейім, құзіретті және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру мен дамыту. Білім алушы білім алудың белгілі бір сатысымен шектелмейді. Бүгінгі таңда да, болашақта да білім қажеттілігі адамның белсенді өмірін қамтиды. Сондықтан оқушылардың бүгінгі білімі – болашақта өз білімін жетілдірудің және өз бетімен білім алуларының тек қана негізі.

Бұдан шығатын қорытынды: оқушыларды үздіксіз білім алуға дайындаудың тиімді жолдарын іздестіру – өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты жан-жақты тұлғаны қалыптастыру қажеттілігі туындайды [5].

Білім беру барысында оқушының жеке тұлға ретінде ерекшеліктерін ескеру оқушының өзін-өзі жан-жақты дамыту мәселесін оңтайлы шешуге мүмкіндік береді. Бүгінгі ұрпаққа әлемдік білім беру стандартына сәйкес жаңаша білім беруімізді өркениетті дамудың өзі талап етіп отыр. Орыстың педагогі В.А.Сухомлинскийдің:

«Мектептің басты міндеті – әрбір адамның дарындылығын ашу, оның толыққанды шығармашылық, зияткерлік еңбек жолын бағдарлау. Әрбір оқушының қайталанбас дарынын дөп басып табу, аша түсу, қастерлеу – бұл тұлғаны адамзат қадір-қасиетінің өркендеуінің жоғары деңгейіне дейін көтеру деген сөз» деп атап көрсеткені айдай шындыққа айналып отыр [6].

Педагогикалық тұғырдан дұрыс ұйымдастырылған өзіндік жұмыс білімді тереңдетуге, толықтыруға, дағды мен іскерлікті қалыптасыруға, танымдық әрекетке қызығуды туғызуға, оқушының танымдық белсенділігін арттыруына мүмкіндік береді. Өздігінен орындайтын жұмыс арқылы меңгерген пәндік білім, білік, дағдылар ойлау операцияларын дамыту нәтижесінде оқушылар құзіреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Оқушының құзіреттілігі – оның өзінің игерген білім, білік, дағдыларын белгілі бір жағдайда не оқу әрекеті барысында қолдана алуы, белгілі бір нәтижеге жетуі. Қазіргі жаһандану жағдайындағы қоғамда жеке пәндік білім, білік, дағдыларын меңгеру жеткіліксіз, енді осы жалпыланған білім, білік, дағдыларын нақты жағдайлар мен мәселелерді шешуде түйінді құзіреттіліктерге айналуы тиіс. Осындай деңгейде болу жас жеткіншектердің жер шарының кез келген жеріне барып, қалаған мамандығын игеруіне мүмкіндік туғызады. Себебі ХХІ ғасырдағы адамның бейнесі – жан-жақты, шығармашыл, әрдайым өзінің білімі мен дағдыларын кеңейтіп отыратын, бәсекеге түсе алатын, өзін-өзі дамытып жетілдіретін тұлға

болып есептеледі. Бүгінгі Қазақстанның даму жағдайында экономикалық нарықта жаңа маман түрін, яғни бәсекеге қабілетті, кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіріп отыратын және бейімделуін жоғары әрекет ете алатын тұлғаны қалыптасыру міндетін шешу талап етілуде [7]. Осыған байланысты әлем елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, кез келген елдің экономикалық жетістігі сол елдің білім жүйесі мен азаматтарының білім дәрежесіне байланысты. Өйткені білім арқылы ғана қоғамның интеллектуалдық капиталы мен инновациялық әлеуеті қалыптасады. Бұл орайда адамның білім-білік капиталына қатысты экономиканы өрістету мәселесі туындайды. Осы жерде инновациялық экономика білім жүйесін өндіріс саласының басымдығы ретінде айқындай түседі. Бүгінгі өркениет білім парадигмасын өзгертуді талап етеді. Бүгінде білім – қоғамның әлеуметтік-экономикалық, интеллектуалдық және рухани дамуының стратегиялық бағдары ғана емес, сонымен қатар біздің қоғамымыздың қауіпсіздігінің кепілі. Сондықтан, қазіргі білім беруді дамытудағы басты мақсат – әлемдік білім беру кеңсітігіне ықпалдастырылған, жалпы адамзаттық құндылықтар ескерілген және жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанғанаттандыратын көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық моделін қалыптасыру [8]. Енді ғана есігін ашқан ғасыр – ой жарыстыратын ғасыр болғандықтан, бүгінгі озық технологияның төрімізге шығып тұрған дәуірінде білім беру жүйесі алдында оқушыны ойлауға үйрету, қай жаста болмасын алдынан шығатын түрлі тосқауылдарды шешуге қажетті әрекет тәсілдерін үйрету міндеті тұр.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Еліміздің ертеңі, бүгінгі жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп атап көрсеткеніндей, бәрі де мектеп мұғалімінің кәсіби біліктілігіне байланысты. Жаңа технологиялардың педагогикалық негізгі қағидалары: балаға ізгілік тұрғысынан қарау, оқыту мен тәрбиенің бірлігі, баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту; баланың өз бетімен әрекеттену әдістерін меңгерту; баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;

әр оқушыны оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту; барлық оқушылардың дамуы үшін жүйелі істеу; оқу үрдісін оқушының сезінуін басты нысана ете отырып бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын ғана емес, оның тұлғасын білім алу арқылы дамуын алдыңғы орынға қояды [9].

Біздің дана халқымыз қай заманда, дәуірде болмасын ұрпақ тәрбиесіне ұлт болашағы деп қарап, үлкен көңіл бөлген. Өз жемісін беріп келе жатқан «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасында: «толық өркениетті» ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн», – деп бүгінгі таңда жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар аясында қазақ халқының рухани-мәдени сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу басты мақсатымыз екендігін атап көрсеткен. Қоғам қайраткері, қазақ халқының біртуар өкілі М.Шоқайдың: «ұлттық мәдениеттен жұрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды», – деп айтқаны белгілі. Олай болса, біздің ұлт болып қалыптасып, ұлт ретінде сақталуымыз үшін де біздің халқымыздың жоғын жоқтап, мүддесін қорғайтын ұрпақ тәрбиелеуіміз керек.

«Тәрбие – адам етеді, тәбиесіздік – надан етеді». Шынында, адамзат баласының бойына біткен қасиет аталуының барлық нышаны біздің әрқайсымызға дарыған, бірақ әрқашан қуанышқа бөленіп, ақ жарқын күйде жүре бермейміз. Көбінесе біз өзімізді-өзіміз білмейміз. Сондықтан кей уақытта кемшіліктер жіберіп жатамыз. Ол үшін өзімізді-өзіміз тәрбиелеуіміз керек. Сонау ерте заманнан бері адамдар өзін-өзі тәрбиелеу мәселесіне ой жүгіртіп, тәрбие ісіне сауалдар іздеген. Ендеше елімізде бүгінге дейін қабылданған реформалардың барлығы сайып келгенде жас ұрпақты болашақ Қазақстан қоғамының тұлғасы етіп тәрбиелеу, оның білім алып, өмір сүруіне қажетті де қолайлы жағдай туғызу, жастардың рухани байлығы мен мәдениеттілігін жетілдіру, іскерлігі мен білімдігін арттыру – қоғамның міндеті бо-

лып табылады. Ендеше қазір жас ұрпақты болашақ қоғамның тұлғасы етіп тәрбиелеу, оның сапалы білім, жалпы адамзаттық құндылықтардан сусындаған, өзіндік гуманистік көзқарасы қалыптасқан, қазақстандық патриотизмнен нәр алған, саналы тәрбие алып өмір сүруіне қажетті қолайлы жағдай туғызу, жастардың рухани байлығын, мәдениеттілігін, білімділігін, іскерлігін арттыру – біздің негізгі міндетіміз [10].

Біраз ойымызды ортаға сала келгенде, бүгінгі таңдағы дүниежүзі педагогикасында білім берудің алғашқы парақтарында «адам проблемасы» өзекті мәселелердің біріне айналып, «адам проблемасы» қазіргі ғылымда білім беру саласында толығымен зерттеуді қажет ете бастады. Білім берудің мақсатына сәйкес адамның өмір сүру ортасының мағынасы мен бейнесіне сай келетін тұлғаны қалыптастыруға назар аударылуда [11]. Қазіргі таңда педагогика ғылымында тұлға феноменін түсінуде жаңа бағыт қалыптасып келеді. Мұнда тұлға жалпы адамзаттық қасиеттермен қатар оның автономдығын, еркіндігін, таңдау қабілеттілігін, өзін-өзі басқаруын сипаттайтын түрлі субъективті қасиеттермен ерекшеленді. Бүгінгі адамды

тәрбиелеуде білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты ғылым ғасыры педагогикасының міндеті – ғалам тұңғығынан Жаратушыны іздеу емес, адамның өне бойынан күдіретті бастауларды ояту тұр [12].

Адамның ішкі ой тазалығы баланікіндей болса, ол адам барлық жерде жеңіске жетеді. Демек, баладан таза пенде жоқ. Сол таза періште жүректерге білім, ақыл, қасиет, сенім, Отаншылдық, сүйу, сену, тану, даму нұрларын құю – мұғалімнің мерейлі міндеті. Бізге сеніп тапсырылған бұл аманат – үлкен мәртебе. Оның үдесінен шығу – қазіргі мұғалімге жүктелген ауыр міндет әрі абырой [13].

Менің ойымша өркениетті, алдыңғы қатарлы елдер қатарындағы Қазақстанның азаматы дені сау, сергек ойлы, құбылмалы нарықтық жағдайға бейімделген қоғамда өз орнын табатын оқушыға ұстаздар қауымы білім бергенде адамзат бойындағы үздік қасиеттерін, туған жерін қастерлейтін, өзге ұлт өкілдерінің салтына сыйластықпен қарайтын ел азаматы болуға тәрбиеленсе, білім ордасынан ұшқанда бойына ізгілік пен адамгершілік қасиеттерін сіңіре отырып жеке тұлғаны қалыптастыруға болады деп сенемін.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Успанова С. «Мұғалім және қоғам» журналы. №4.2013ж.44-45 б.
- 2 Базарғалиева Ғ. «Мұғалім және қоғам» журналы. №3,2013ж. 15 б.
- 3 Елібаева А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №5-6. 2013ж.30 б.
- 4 Елібаева А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №5-6. 2013ж.31 б.
- 5 Уразова А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №3. 2013ж.13 б.
- 6 Уразова А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №3. 2013ж.14 б.
- 7 Уразова А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №3. 2013ж.14 б.
- 8 Шангереева Ф. «Қазақстан мектебі» журналы. №9. 2012ж. 3 б.
- 9 Шангереева Ф. «Қазақстан мектебі» журналы. №9. 2012ж. 4 б.
- 10 Успанова С. «Мұғалім және қоғам» журналы. №4.2013ж. 45 б.
- 11 Уразова А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №3. 2013ж. 14 б.
- 12 Жақыпақынов Б.Б.,Құдышева Б.Қ.,Құлатаева Қ. «Педагогика мәселелері» журналы. №1. 2013ж. 4 б.
- 13 Елібаева А. «Мұғалім және қоғам» журналы. №5-6. 2013ж. 32 б.

ӘОЖ 371.39

М.Б. Жаркымбекова

*Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
2-курс магистранты*

ОҚУ МЕН ЖАЗУ АРҚЫЛЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУЫН ДАМУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақала төменгі сынып оқушыларының құзіреттілігін қалыптастырудағы сыни ойлаудың маңызына арналады. Сондай-ақ, жұмыста адамның психикалық дамуына елеулі үлес қосатындықтан, сыни ойлау технологиясын сабақ барысында пайдаланудың тиімділігі көрсетілген. Түрлі әдіс-тәсілдері де берілген.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқушылардың сабақ барысында түсінікке сыни тұрғыдан қарауға, өмірде де ойлана отыра шешім қабылдауға, ақпаратпен жұмыс жасай алу, талдай білуге машықтандырамыз.

Түйін сөздер: *бастауыш сынып, оқу, білім, оқушы, сыни ойлау, оыту әдістері, интеллект, сыни ойлау технологиясы.*

Статья посвящена вопросам формирования критического мышления в качественном подходе формирования компетенций школьников начальных классов. В работе показано, что критическое мышление эффективнее развивать на уроках, так как именно она вносит значительный вклад в умственном развитии человека. Так же рассматриваются приемы и способы развития критического мышления.

Критическое мышление включает развитие таких навыков, как приобретение доказательств посредством наблюдения и слушания с учетом контекста, и применение соответствующих критериев для принятия решений. Поэтому ученикам необходимо предоставить возможность для развития навыков наблюдения, анализа, суждения и интерпретации.

Ключевые слова: *начальная школа, обучение, образование, ученик, критическое мышление, методы обучения, интеллект, технологии обучения мышлению.*

The article is devoted to the formation of critical thinking in the qualitative approach, the formation of competencies of primary school children. It is shown that the critical thinking in the classroom to develop more effective, since it is this makes a significant contribution to the intellectual development of man. As discussed techniques and methods for the development of critical thinking.

Critical thinking involves the development of skills such as the acquisition of evidence through observation and hearing, taking into account the context and relevant criteria for decision-making. Therefore, students need to be able to develop the skills of observation, analysis, interpretation and judgment.

Keywords: *primary school, training, education, learning, critical thinking, learning methods, intelligence, learning technology thinking.*

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы. Сыни тұрғыдан ойлау, яғни, ол өзіндік, жеке ойлау болып табылады. Ол – өз алды-

на сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар, басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу деген-

ді білдіреді. Демек, сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – сабақ барысында оқушылардың қызығушылығын арттыра отырып, өзінің және өзгелердің ойына сыни тұрғыда қарап, естіген, білгенін талдап, салыстырып, реттеп, сұрыптап, жүйелеп, еркін жеткізуге әрі тақырып аясында білмегеніне зерттеу жұмыстарын жүргізіп, дәлелдеп, ақпараттарды зерделеуге үйрететін, соңында дұрыс тұжырым жасауға бағыттау, өз бетімен және бірлесіп шығармашылық жұмыс жасауға баулу.

Осылайша, сыни ойлау тұрғысынан жасалынған сабақ – әрқашан диалогке негізделген нағыз сабақ болмақ. Мұндай сабақ – ізденіске, дайындыққа, үйренуге бағытталған, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Сын тұрғысынан ойлауды үш бөлікке бөлеміз. Оның біріншісі – өзіндік және жеке ойлау. Екіншісі – сын тұрғысынан оқыту. Бұл жерде жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес. Оқушы оқып, оны еске сақтап айту қабілеті жоқ болса да, терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкіндігі, тың идеялар ойлап табуы. Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады. Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді. Өзінің жеке қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Жалпы сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы *қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс* кезеңдерінен тұрады [1].

Бұл жердегі *қызығушылықты оятуға* бағдарланған үйрену процесі бұрынғы өтіп кеткен және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңде «Топтау», «Түртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Әлемді шарлау»,

т.с.с. көптеген әдістер (стратегиялар) қолданылады. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады. Осылайша шындалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі – *мағынаны ашу* (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегияларының бірі – INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында «V» - «білемін», «—» - «мен үшін түсініксіз», «+» - «мен үшін жаңа ақпарат», «?»-«мені таң қалдырады» деген сияқты белгілерді қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Себебі, бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Осы арқылы үйренушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында байланыстар құруға дағдыландырады.

Тақырып туралы *ой-толғаныс* – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өз-

дері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әртүрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Бұл кезеңде «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», «Т кестесі» сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылуы сабақтың тиімді өтуіне көмектеседі.

Осылайша, жоғарыда келтірілген сыни ойлауды дамытуда қолданылатын стратегиялар оқушыларға мынандай мүмкіндіктер береді [2]:

- айқын мақсат қоя білу;
- белсенді қатысуды қолдау;
- жақсы дискуссияның болуына себеп тудыру;
- өзінің жеке сұрақтарын құрастыру мен қоюға деген ынталарын жандандыру;
- өзінің жеке пікірі мен ойын білдіруге көмектесу;
- оқуға деген оқушылардың мотивацияларын қолдау;
- басқалардың пікірлерін де сыйлау керек деген атмосфера құру;
- кейіпкерлерге деген сезімдері мен елестету қабілеттерін дамыту;
- өзгеруге стимул болады;
- сыни ойлауды дамытуды жоғары деңгейде қамтамасыз етеді.

Демек, жоғарыда айтылған ойлардан тұжырым жасар болсақ, сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек екендігіне көз жеткіземіз. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Сабақ барысында сын тұрғысынан ойлауды дамыту деген кез келген жаңа идеяны не-

месе ұғымды сол күйінде қабылдау немесе оған түбегейлі сенім арту емес, ол идеялардың негізгі себептерін, жүзеге асыру жолдарын және нәтижесін білу, оларды өз ортаңа, өз мүмкіндігіңе, өз керегіңе, өз іс-әрекетіңе лайықты кіріктіру, талдау, ой елегінен өткізу, яғни проблемаға сыни тұрғыдан қарап, өз мақсатына пайдалана білу. Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы – білімнің дайын күйінде берілмеуі.

Енді, сыни тұрғысынан ойлау технологиясын оқу мен жазуда қолдану арқылы бастауыш сыныпта қандай нәтижеге жетеміз деген сұраққа тоқталсақ. Бұл технология – оқушыны мұғаліммен, сыныптастарымен еркін сөйлесуге, пікір таластыруға, бір-бірінің ойын тыңдауға, құрметтеуге, өзекті мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты жеңуге баулитын бағдарлама.

«Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» бағдарламасы бойынша ол:

1. шындалған ойлауға, кез келген даму деңгейіне байланысты мәселелерге сыни көзбен қарауға үйрету;

2. күрделі мәселелерді шешуге, аса маңызды, жауапты шешімдер қабылдауға құштарлықты оятуға бағытталады.

Яғни, үйрету арқылы үйренуге деген қызығушылығының болуы, үйренушінің өзіне және өз іс-әрекетінің, ойлауы мен ой қорытуының сеніміне негізделеді.

Сыни ойлауға үйрету – жеңіл міндет емес. Оны белгілі кезеңде орындап, кейін ұмытып кетуге де болмайды. Сыни ойлауға апаратын қатаң реттелген қадамдар тізімі жоқ болса да, сыни ойлауды дамытатын оқу шарттары бар екенін естен шығармау керек. Олар төмендегідей [3]:

1) сын тұрғысынан ойлауды тудыру үшін уақыт ұту;

2) оқушыларға ойланып-толғануға, ойын ашық айтуға рұқсат беру;

3) әртүрлі идеялар мен пікірлерді қабылдау;

4) үйрену барысындағы оқушылардың белсенді іс-әрекетін қолдау;

5) кейбір оқушылар тап болған қолайсыз

жағдайларды әжуаға айналдырмау;

6) оқушылардың бір-бірінің жауабына жасаған сынының дәлелді, дәйекті болуын талап ету;

7) сын тұрғысынан ойлауды бағалау;

8) тиімді сыни ойлауға қатысу үшін оқушылар өздеріне деген сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайын болулары керек.

Бастауыш сынып оқушыларының сын тұрғысынан ойлауды меңгеруі үшін мынадай қасиеттері болуы шарт:

- жоспарлауға дайын болуы;
- бейімделгіштігі (басқалардың идеяларын қабылдай алуы);
- қайсарлығы (қиын тапсырмаларды кейінге қалдырмауы);
- жете түсінуі (өзінің және басқа адамдардың пікірін қадағалау);
- ымыралы келісімді іздеуі.

Төменгі сынып оқушысында сын тұрғысынан ойлауды дамыту шарттары:

- сын тұрғысынан ойлауда тәжірибе жинау үшін уақыт және мүмкіндік беру;
- оқушылардың ойлауына жағдай туғызу;
- әртүрлі идеялар мен пікірлердің тууына мүмкіндік жасау;
- оқыту үрдісінде оқушының белсенділігін қолдау;

- әрбір оқушы сын тұрғысынан ойлауға қабілетті;

- оқушының өз пікірін білдіруге жетелеу және оның пікірін бағалау.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасындағы мұғалім үйрену процесінде оқушыларға серік болып бірге жұмыс жасап, оларға сеніммен қарап өз ойын, ақылын көрсете сөйлеуге қолдау көрсетіп отырады. Яғни, мұғалім бүкіл қайнаған істің ортасында білім алу (үйрену) ісін ұйымдастырушы деуге болады.

Сонымен, мақаламды түйіндер болсам, сын тұрғысынан ойлаудың әдістемелік тәсілдерін бастауыш сыныптың оқу үрдісінде қолданғанда мотивацияның артуы арқылы дербес іс-әрекеттің қоса артуы және ойлаудың белсенді болуы нәтижесінде оқушылардың білігі мен біліктілігінің жан-жақты дамуына, логикалық ойлаудың жүйелілігін меңгеруіне жағдай жасаймыз.

Сыни ойлау технологиясы – оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту екендігіне көзіміз жетті. Өйткені, белгілі тақырыптағы ойды сын тұрғысынан қарай отырып, ой-толғау, суреттей алу, еске түсіру, болжау оқушыны да жаңа бір әлемнің жаңалығын ашқандай қалыпқа жеткізеді. Әрі қарай ойын айтуға ынталандырады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану нәтижесінде жеке тұлғаның қабілеттері жандана түседі және білім парадимасы қалыптасады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1 Саданова Ж.К., Саданова С.К. «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасының ерекшеліктері. // Вестник КАСУ –2008. – №1. 122-124 бб.
- 2 Менчинская Н.А. Проблемы учения и умственного развитие школьника. – М., – 1989, – 218 с.
- 3 Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование – 2006. – №6. – 3-4 бб.

ӘОЖ 808.5

С.Н. Сақтағанова

Алматы облысы, Талғар ауданы, Бесағаш ауылы
№ 45 орта мектеп гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі

ҚАЗІРГІ ТАҢДА ШЕШЕНДІК ӨНЕРДІ БАСТАУЫШ БУЫНДА ДАМУЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Мақалада қазіргі таңдағы ата-ана мен мұғалімдердің бала оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі бала тіліндегі шорқақтық, дұрыс сөйлей алмау проблемасы сөз етіледі. Оқушының дұрыс ойын жеткізе алмауынан ойының шатасып, ақпарат жеткізуінде қиыншылықтарға кездесуі осы сөздік қордың аздығынан болып жатады. Мұғалімдердің бай тәжірибесі тек бір ғана сабақ шеңберінде шешендікке байламай барлық пәндерде шешендікке баулу қажеттігін көрсетеді. Шешендік өнердің білім беру бағытындағы бастауыш сынып оқушыларының тіл байлығын дамытудағы пайдасы сөз етіледі.

Түйін сөздер: *шешендік, фольклор, нағыз шешен, білім беру, бастауыш сынып, құндылықтар, асыл мұра.*

Родители и учителя часто сталкиваются с тем, что дети, поступив в начальную школу, далеко не всегда умеют ставить вопросы и отвечать на них, сообщать информацию, общаться с одноклассниками. Школьник волнуется, путает слова, запинаясь. Эта речевая проблема связана с замедленными процессами восприятия и воспроизведения информации. Опыт работы учителей словесности свидетельствует о том, что на одних только уроках родной речи невозможно решить задачи по формированию уверенной речи, приобретения навыков общения.

Ключевые слова: *ораторство, фольклор, оратор, образование, начальная школа, ценности, драгоценное наследие.*

Parents and teachers are often faced with the fact that children are enrolled in primary school, are not always able to raise questions and to answer them, to provide information, to communicate with classmates. Schoolboy worried, confused speech, stammers. This speech problem is related to slowing down the process of perception and reproduction of information. Experience of teachers of literature suggests that one only learned the native language can not solve the problem on the formation of a confident speech, the acquisition of communication skills.

Keywords: *oratory, folklore, speaker, education, Primary School, value, precious heritage.*

Шешендік өнер – біздің асыл мұрамыз. Қазақ халқының ерекшелігі мен даналығы ата-бабамыздан қанымызға сіңген шешендік қасиетімізбен ерекшелінеді. Қазақ ауыз әдебиетінің ерекше бір жанры – шешендік өнер. Халқымыздың даналығының үлгісі шешендік сөздер – ғасырлар бойы халық сынынан екшеленіп өткен құнды мұра, асыл қазына. Шешендік өнеріне ерте замандардан-ақ үлкен мән берілген. Шешендік өнер болашаққа мұра болып, уақыт өткен сайын дамып оты-

руы қажет. Сол үшін шешендік өнерімізді жан-жақты дамытып ертеңгі ұрпаққа мұра қылып қалдыруымыз қажет.

Нағыз шешен үшін сөзге шебер болу жеткіліксіз. Табанда тауып сөйлейтін тапқыр, топ алдында тайсалмай, мүдірмей сөз бастайтын батыл, сөз сайысында саспайтын сабырлы болуы қажет. Шешендік – ұшқыр ойдың қас қағымда тілге оралымдылығы, байламы, дер кезінде дәл мағынасын дөп басар бейнелілігі, мәнді, ойлы сөздердің

мәйекті мақал мен мәтелге айналуы, дау-дамайда қазылық, мәмілегерлік, ара қатыста елшілік, жаугершілікте бітімгерлік, ұрпаққа, қалың қауымға өсиет. «Алажағым кетсе де, айтажағым кетпесін» дейтін қазақтың сөзге қонақ беруі.

Шешендік өнер қазақты қазақ еткен өнер деп есептейміз. Себебі шешендік жанр өте күрделі терең тамырлы, көп еңбекті, білімділікті, ақылдылықты, ой ұшқырлығын қажет ететін сөз өнері. Шешендік өнерді ата-бабаларымыз өте қатты бағалаған. Шешен адамның сөзіне тоқтап, дөп басып айтқан тапқырлығына бас иген. Сондықтан емес пе дау-дамайды, ел арасындағы жанжалдарды шешуді шешеннің әділдігіне, тапқырлығына тапсырған. Шешен адам көпті көрген, көп тоқыған дана адам болған.

Сөз туралы Бөлтірік шешен: «Сөзден тәтті нәрсе жоқ. Сөзден ащы нәрсе жоқ. Сөзінді тіліңе билетпе, ақылыңа билет. Ақылыңды, сөзінді ақылсызға қор етпе, ақылдыға айт, кімге, қай жерде, қай кезде, қалай сөйлейтінін біл», – деп толғайды. Бұлар – «Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіретін, жауласқан елдің арасына бітім айтатын, күлгенді жылатyp, жылағанды жұбата алатын даналық сөздер иесі». Мұндай сөз білетін, жөн білетін адамға ел ісіне араласуға, халық атынан сөйлеуге құқық берілгені хақ [1].

Соған байланысты шешен адамның өзіне тән қасиеттері болса шешендік өнердің де өзіндік ерекшеліктері болған. Осыған тоқтала кетсек:

Біріншіден, қазақ шешендерінің сөздері жазбаша емес, ауызша айтылып дүниеге келеді де, одан кейін бірте-бірте жатталып, ұрпақтан-ұрпаққа жетеді.

Екіншіден, айтыла келе бастапқы нұсқа қалып, өзгертіліп отыруы мүмкін.

Үшіншіден, шешендік сөздер кейінгі айтушылар тарапынан қажетіне қарай өзгеріп қолданылып отырған. Шешендік сөз ақындар айтысы сияқты сөз тартысы – дау үстінде, ел тағдыры талқыланған ұлы жиын – кеңес кезінде, оңаша ой толғау не сұхбат, әңгіме-дүкен барысында арнау, сәлем, өсиет

түрінде де өмірге келген.

Шешендік сөздер көбінесе түсінік сөзден басталады. Түсінік сөзде айтылмыш шешендік сөздің немен байланысты, қандай жағдайда туғандығы мен кім айтқандығы баяндалады. Шешендік сөздің, айтылар ойдың негізі – мазмұн. Сөз нақтылы, нені айтса да сендіретіндей, иландырып қарсыласын мойындататындай дәлелді айтылған [1].

Қай заманда болмасын бұл шешендік өнер өте құнды, бағалы болуы қажет. Себебі осындай арпалыс заманында қара қылды қақ жаратын, тура әрі нақты сөйлейтін шешендер қажеттің қажеті емес пе. Көп көрген, көп оқып, көп тоқыған билік басындағы ағаларымыз бірінен бірі асқан шешен болса еліміздің, тіліміздің, халқымыздың жағдайы артпаса төмендемесі анық.

Қазіргі заманда біздің осы асыл мұрамыздың дәрежесі төмендеп бара жатқандай. Бүгінгі таңда елімізге сол қара қылды қақ жарған, шындықты, әділдікті ту етіп ұстаған би-шешендеріміз қандай қажет еді.

Шешендік өнері, осындай тұғыры биік қазына мәңгілікке жоқ болуы мүмкін емес. Шешендік өнер өткен ғасырлардағыдай керемет дамып жатпаса да, бүгінде орны бар жеке дара өнер ретінде бағаланады.

Шешендік өнерді зерттеп, оқулық жазған Г.З. Апресян қазіргі шешендікті мазмұнына қарай былайша бөледі [2]:

- 1) Әлеуметтік-саяси мәндегі шешендік.
- 2) Академиялық шешендік.
- 3) Сотта айтылатын шешендік.
- 4) Әлеуметтік тұрмыста қолданылатын шешендік.
- 5) Діни қызметте қолданылатын шешендік.

Шешендік өнерді бұлай бөліп қарастыруымыз қазіргі заманға ыңғайлы, жүйелі болып тұр. Шешендік өнердің өз айтылу орны, өз аудиториясы, өз реті бар. Қазіргі таңда шешендік өнер макрұм қалды деп айтсақ артық айтқан боламыз. Бүгінде шешендік өнерді жоқтатпай, бұл өнердің қадірін кетірмей жүрген жанашырларымыз да аз емес. Елбасымыздан бастап, саясаткер ағалары-

мызбен қоса айтыскерлеріміз де жалынды, өткір тілдерімен ойларын жеткізуде. Саяси шешендікті алып қарасақ Мұхтар Шаханов, Бекболат Тілеуханов, Иманғали Тасмағамбетов сынды ағаларымыз халықпен сырласуда небір рух беретін, жалынды сөздерін жолдап жатады. Бекболат Тілеуханов ағамыз әрқашан тәрбиеге, қыз бала тәрбиесіне баса назар аударып, қазақ қыздарын қатты сынға алып: «қыз ұяты – қауымның намысы» деген сияқты қыз тәрбиесі жайлы көп ой айтқан. Діни шешендік те қалыс қалып жатқан жоқ. Әбсаттар қажы Дербісәлі, Мұхамеджан Тазабеков сынды ағаларымыз шешендікпен дінді халыққа таратуда. Ринат Заитов, Сара Тоқтамыс, Балғынбек Имашев, Жандарбек Бұлғақов сияқты т.б. суырып салма айтыскерлеріміз де шешендікті басты қару еткен [2].

